

«Интернет-эквайрингі қызметтерін көрсету туралы
(Төлемдер агрегаторы үшін) үлгілік
клиенттік шаблонды бекіту туралы» бұйрыққа қосымша
2024 жылғы «03» қыркүйек № 01-017007/402

**ИНТЕРНЕТ-ЭКВАЙРИНГІ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ ТУРАЛЫ
(ТӨЛЕМДЕР АГРЕГАТОРЫ ҮШІН)**

№ _____ ШАРТ

_____ к.

20__ ж. «__» _____

Бұдан әрі «Банк» деп аталатын «ForteBank» АҚ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ бір жағынан және бұдан әрі «Төлемдер агрегаторы» деп аталатын _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп, жеке-жеке «Тарап» немесе жоғарыда көрсетілгендей аталатындар осы Интернет-эквайрингі қызметтерін көрсету туралы (Төлемдер агрегаторы үшін) №__ шартты (бұдан әрі – Шарт) төмендегілер туралы бекітті:

1. ОСЫ ШАРТТА ҚОЛДАНЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Шарттың мәтінінде қолданылатын терминдер мен белгілер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген мағыналарға ие, сондай-ақ осы бөлімде келтірілген:

1.1. Авторизация – Банк Эмитент банктен Төлемдер агрегаторы Сервис сайтында Карточка ұстаушы жүргізетін карточканы пайдалана отырып операция жүргізуге рұқсат сұрату және кейіннен алу рәсімі. Көрсетілген рұқсатта әрбір нақты Карточкалық операцияны сәйкестендіретін бірегей код (Авторизация коды) болады;

1.2. Авторизация туралы сұраныс – Төлемдер агрегаторы тиісті нысанда тарататын, Карточка ұстаушы карточканы пайдаланып, Коммерсанттың тауарларына /жұмыстарына /қызметтеріне ақы төлеу кезінде Төлем агрегаторының Сервис сайтында төлем жасау кезінде Авторизация рәсімін жүргізу үшін Эмитент банкке қажетті ақпаратты қамтитын электрондық хабарлама;

1.3. Төлемдер агрегаторы – төлем қызметін көрсетуге Коммерсанттармен (оның ішінде олардың тапсырмасы бойынша) шарттар жасасқан және Банкпен Интернет-эквайрингі қызметтерін көрсетуге шарт бекітуге өкілеттігі бар Төлем ұйымы;

1.4. Эквайер банк немесе Банк - «ForteBank» акционерлік қоғамы.

1.5. Қайтару карточкалық операциясы – бұрын жасалған Карточкалық операция шеңберінде тауарларға/жұмыстарға/көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу кезінде оның шотынан есептен шығарылған ақшаны Карточка ұстаушыға қайтару (толық немесе ішінара) қажеттілігі туындаған кезде жасалатын есептік операция;

1.6. Сыйақы - Шартта белгіленген тәртіпте және талаптарда Банктің ұстап қалуға жататын тиісті ҚҚС-сыз Банк комиссиясы;

1.7. Карточка ұстаушы (сатып алушы) - Карточканы беру туралы шартқа сәйкес Карточканы пайдаланатын жеке тұлға;

1.8. Қамтамасыз ету шарты –Төлемдер агрегаторының Банк алдындағы міндеттемелерін Банк белгілеген әдіспен орындауды қамтамасыз ету мақсатында Банк және Төлемдер агрегаторы арасында жасалатын шарт, қажет болған жағдайда Банк белгілеген әдіске байланысты;

1.9. Интернет-ресурс – Сатып алушыларға Коммерсанттың тауарлары/ жұмыстары/ қызметтері туралы мәліметтер ұсынууды, Коммерсанттың тауарларын/ жұмыстарын/қызметтерін сатуды қамтамасыз ететін Интернет-сайт немесе мобильді қосымша. Тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін ақы төлеуге карточкаларды Сервис сайты арқылы қабылдайды;

1.10. Интернет-эквайрингі – Интернет желісінде Карточканы қолданып, оның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге төлем жүргізуге мүмкіндік беретін электрондық коммерцияның құрамдас бөлігі ретіндегі Эквайер банктің қызметі;

1.11. Карточка – оны ұстаушыға электрондық терминалдар немесе басқа да байланыс арналары арқылы төлем карточкасының эмитенті айқындаған және оның талаптарында айқындалған басқа да операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін ақпаратты қамтитын электрондық төлем құралы;

1.12. Карточкалық операция - Қазақстан Республикасының заңнамасына және ХТҚ қағидаларына сәйкес, Карточканы пайдалана отырып Карточка ұстаушы жүзеге асыратын, Карточка ұстаушының тапсырмасы бойынша Интернет-ресурста Коммерсанттан тауарларын/жұмыстарын/қызметтерін сатып алу мақсатында жүргізілетін есептік операция;

1.13. Карточкалық жүйе – Банктің Карточкаларды пайдалана отырып операцияларды жүзеге асыруын және осы операциялар бойынша есептесулерді жүргізуін қамтамасыз ететін бағдарламалық-техникалық құралдар мен ұйымдастырушылық- техникалық шешімдер жиынтығы.

1.14. Авторизациялау коды – Карточкалық операцияны растау (рұқсат ету) коды;

1.15. Терминал коды - Банктің Карточкалық жүйесі әрбір Интернет-ресурс үшін беретін және Банктің карточкалық операцияларды қабылдауы мен өңдеуі үшін қажет сәйкестендіру нөмірі. Бір Интернет-ресурс шеңберінде Банк әртүрлі тауар топтары үшін бірнеше терминал кодын тағайындай алады, немесе мұндай бөлу ХТЖ ережелеріне сәйкес қажет болса. Терминал коды Шартқа №7 қосымшаға сәйкес Интернет-эквайрингке өтінімберу негізінде ұсынылады;

1.16. Коммерсант – Шарттың талаптарына сәйкес тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді сатумен айналысатын және сатылатын тауарлар/жұмыстар/көрсетілетін қызметтер үшін төлем ретінде карточкаларды немесе олардың деректемелерін қабылдайтын заңды тұлға не дара кәсіпкер;

1.17. Лимит - Банктің ішкі қағидаларына сәйкес белгіленетін Банк терминалының әрбір коды бойынша төлемдерді қабылдауға белгіленетін шектеулер;

1.18. Жеке кабинет – бағдарламалық жасақтаманың функционалына сәйкес Банкке Агрегатормен өзара іс-қимылды жүзеге асыруға және Интернет-эквайрингі қызметтерін көрсету кезінде тиісті сервисті ұсынуға мүмкіндік беретін веб-сайт арқылы Банк қолдайтын интерфейс. Жеке кабинетті пайдалану тәртібі Интернет-эквайрингі қызметін қосу кезінде Агрегаторға ұсынылған нұсқаулықтар кіреді.

1.19. Маркетплейс – электрондық коммерция платформасы, үшінші тұлғалардың өнімі немесе қызметі туралы ақпарат беретін электрондық сауданың онлайн-дүкені;

1.20. Халықаралық төлем жүйелері (ХТЖ) – Карточкаларын карточкалық операцияларды жүзеге асыру үшін Коммерсанттар қабылдайтын халықаралық төлем жүйелеріне қатысушы тараптар арасындағы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу және Карточкалық операциялармен алмасу жүйесі. Халықаралық төлем жүйесі жұмыс істеу қағидаларын белгілейді және валюталарды тиісті айырбастай отырып, Халықаралық Төлем Жүйесінің мүшелері арасындағы Карточкалық операциялар бойынша клирингтік есеп айырысуларды жүзеге асырады;

1.21. Ақша аудару – Банктің транзиттік шотқа аударуға жататын ақша сомасы, ол сома қайтарылатын Карточкалық операциялар сомасын және Банктің сыйақысын, Шарттың талаптарында көзделген өзге де берешектерді шегергендегі Карточкалық операциялар сомасынан тұрады, сондай-ақ Төлемдер агрегаторының Шартта белгіленген тәртіппен қорғалған байланыс арналары арқылы Банкке жіберген Төлемдер агрегаторының нұсқауы нысанында көрсетілетін транзиттік шоттан Коммерсанттардың пайдасына ақша аудару туралы Төлемдер агрегаторының нұсқауын орындауға бағытталған банктің іс-әрекеттері;

1.22. Тізбелер – «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес уәкілетті мемлекеттік орган жасайтын террористік қызметке қатысы бар тұлғалар тізімі, сондай-ақ жаппай қырып жою қаруын таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі және/немесе терроризм мен экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі;

1.23. 3D-Secure хаттамасы – Карточканың қатысуынсыз операциялар үшін Карточка ұстаушыларын авторизациялаудың қорғалған хаттамасы;

1.24. Жұмыс күні – Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері банктік операцияларды жүргізу үшін ашық болған күн;

1.25. Есеп айырысу банкі – жасалған Карточкалық операциялар бойынша Коммерсанттар арасында есеп айырысу жүргізуді жүзеге асыратын банк.

1.26. Тізілім - Банк қалыптастыратын және алдыңғы күнтізбелік күн үшін сомаларды көрсете отырып, Банк өңдеген барлық Карточкалық операциялардың тізбесін қамтитын электронды форматтағы есеп (немесе есепті кезең, егер тізілім бірнеше демалыс/жұмыс істемейтін мереке күндері қалыптастырылса). Тізілім форматын Банк айқындайды және Шартқа №6 қосымшада көрсетіледі;

1.27. Карточканың деректемелері – Карточкада қамтылған және/немесе Эмитент банктің ақпараттық жүйесінде сақталатын және төлем карточкасының нөмірі, қолданылу мерзімі, оның ұстаушысына және (немесе) эмитентке тиесілігін анықтауға мүмкіндік беретін төлем карточкалары жүйесінің атауы және төлем карточкалары жүйесі сияқты деректерді қамтитын ақпарат;

1.28. Төлемдер агрегаторының сервисі - Төлемдер агрегаторының бағдарламалық-аппараттық кешені, Сервис сайты арқылы Карточка ұстаушының бастамасымен Авторизациялық сұрауларды Төлемдер агрегаторы пайдаланатын хаттамадан Карта жүйесі қолдайтын хаттама форматына таратуға, қорғалған желілер бойынша Карточкалық жүйеге Авторизациялық сұрауларды бағыттауды жүзеге асыруға, жоғарыда аталған сұрау салуды Карточкалық жүйеге беруге және оның нәтижесін Төлемдер агрегаторының сервисіне қайтаруға мүмкіндік береді;

- 1.29. Сервис сайты** – ол арқылы Төлемдер агрегаторы Карточка ұстаушылар мен Коммерсанттарға төлем қызметтерін көрсететін және ол арқылы Карточка ұстаушыларға Төлемдер агрегаторының сервисіне қосылу арқылы Карточкамен Интернет-ресурста Коммерсант сататын тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеуді жүзеге асыру мүмкіндігі беріледі;
- 1.30. PCI DSS стандарты** (Payment Card Industry Data Security Standard) – төлем картшалары индустриясы деректерінің қауіпсіздік стандарты. Бұл стандарт төлем картшаларын өңдеуге қатыстырылған барлық ұйым үшін қолданылады. Төлемдер агрегаторы үшін соңғы 4 тоқсанда PCI DSS, AOC (attestation of Compliance) және ASV сканерлеу сертификатының болуы міндетті.
- 1.31. Карточканы ұстаушының шоты** – ол бойынша операциялар Карточканы пайдалана отырып жүргізілетін банктік (ағымдағы) шот;
- 1.32. Коммерсанттың шоты** – сатылған тауарлар/жұмыстар/қызметтер үшін төлемдерді қабылдау үшін пайдаланылатын Коммерсанттың ағымдағы шоты;
- 1.33. Токен** - Карточканы тіркеу кезінде Банктің токенизация жүйесі арқылы құпия деректермен салыстырылатын бірегей идентификатор;
- 1.34. Токенизация** - Карточка деректерінің құпия элементін құпия емес баламаға – Токенге ауыстыру процесі;
- 1.35. Сауда чегі** – Карточканы пайдалана отырып, төлемді жүзеге асыру фактісін растайтын құжат;
- 1.36. Транзиттік шот** – олармен жасалған Шарттардың талаптарына сәйкес Төлемдер агрегаторымен/Коммерсанттармен есеп айырысу кезінде ақша аударуға арналған банк шоты;
- 1.37. Нұсқау** - Банкке аударым жасауға бағытталған Транзиттік шоттан Коммерсантқа тиесілі Коммерсанттың шотына ақша аударуға Агрегатордың сұрау салуы. Нұсқау форматын Банк айқындайды;
- 1.38. Уәкілетті мемлекеттік орган** – жалпыға міндетті тәртіп қағидаларын айқындайтын актілер шығару, әлеуметтік маңызы бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеу, мемлекет белгілеген жалпыға міндетті мінез-құлық қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;
- 1.39. Тауарлар/жұмыстар/қызметтер** – Коммерсант сататын және Карточканы ұстаушы Интернет-ресурс арқылы төлем жасайтын тауарлар/жұмыстар/қызметтер. Сатуға тыйым салынған тауарлар/жұмыстар/қызметтер санаттарының тізбесі Шарттың №2 қосымшасында келтірілген.
- 1.40. Фрод (Fraud)** – Банктің, Карточканы ұстаушының немесе ХТЖ-ң басқа қатысушылардың мүддесіне залал келтіретін, ХТЖ немесе ХТЖ қатысушылары жарамсыз: санкцияланбаған, Фрод, өзге заңсыз деп жіктеген, Комерсантта, оның филиалдарын (карточкалар бойынша қызмет көрсету пункттері) қоса алғанда, жүзеге асырылған, сонымен қатар Төлем картшаларының Эмитенті екінші деңгейдегі банк болған барлық жағдайларда жасалған заңсыз, алаяқтық немесе басқа (әдейі қате, күмәнді және с.с.) әрекеттер;
- 1.41. Эмитент** –Карточка шығаруды жүзеге асыратын заңды тұлға;
- 1.42. Chargeback** – Коммерсант тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда немесе Эмитентке Карточканы ұстаушының шотынан төлем жүргізілген, осы шоттан ақшаны заңсыз есептен шығару туралы өтініші түскен жағдайда, Эмитенттің даулы Карточкалық операция сомасынан Карта ұстаушыға ақшаны қайтару қажеттілігі туралы талабы;
- 1.43. Digital Wallet Operator (DWO)** – бағдарламалық жүйелер базасында цифрлық әмияндарды толықтыру және төлемдер мен аударымдарды жасау үшін Карточка ұстаушылар туралы ақпаратты сақтайтын цифрлық әмиянның операторы;
- 1.44. Retrieval request (іздеу үшін сұрау салу)** – Эмитент-банктің Карточкалық операциялар бойынша растайтын құжаттардың көшірмелерін сұрауы.
- 1.45. CVC2 – Card verification code** – MasterCard International ХТЖ термині, көрсетілген Карточка деректемелерінің дұрыстығын қосымша тексеруге және есеп айырысу қауіпсіздігін арттыруға арналған үш таңбалы код, ол қол қою жолағында басылады және Карточканы көрсетпей/қолмен енгізусіз Карточкалық төлем операциясын жүргізу кезінде тексеру үшін қызмет етеді;
- 1.46. CVV2 – Card verification value** – MasterCard International ХТЖ термині, көрсетілген Карточка деректемелерінің дұрыстығын қосымша тексеруге және есеп айырысу қауіпсіздігін арттыруға арналған үш таңбалы код, ол қол қою жолағында басылады және Карточканы көрсетпей/қолмен енгізусіз Карточкалық төлем операциясын жүргізу кезінде тексеру үшін қызмет етеді;

2. ШАРТТЫҢ МӘНІ

- 2.1.** Шартта Төлемдер агрегаторы мен Банк арасындағы Банктің Интернет-эквайринг қызметтерін көрсетуіне байланысты қатынастар, Төлемдер агрегаторы төлемдерді жүргізу және Сервис сайтында Карточка ұстаушылар бастамашылық еткен төлемдерді өңдеу үшін қажетті ақпарат алмасуды қамтамасыз ету жөніндегі қызметтерді көрсеткен кездегі, Интернет-ресурста сатып алынған тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу үшін, соның ішінде: қажетті ақпаратты Банкке карточкалық операция бойынша беру, Банктің жоғарыда көрсетілген Карточкалық операциялар бойынша ақшаны қабылдауы және оларды кейіннен Шарттың (бұдан әрі – Қызметтер) талаптарына сәйкес Коммерсанттың пайдасына ақша аудару үшін транзиттік шотқа аудару кезіндегі қатынастар реттеледі.

2.2 Осы арқылы Төлемдер агрегаторы мыналарды растайды және кепілдік береді:

- Банкпен Шарт бекіту Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, Төлемдер агрегаторының құрылтай құжаттарының ережелеріне, ХТЖ талаптарына және төлем қызметтерін көрсетуге Төлемдер агрегаторы мен Коммерсанттар арасында (оның ішінде олардың тапсырмасы бойынша) жасалған шарттарға қайшы келмейді;

- Төлемдер агрегаторы мен Коммерсанттардың қызметі заңды болып табылады, ХТЖ талаптарына сәйкес келеді және Төлемдер агрегаторы Коммерсанттардың осындай қызметінің қолданыстағы заңнама талаптарына, ХТЖ талаптарына сәйкестігіне тұрақты мониторингті қамтамасыз етеді және осы кепілдікті бұзумен байланысты (немесе) Төлемдер агрегаторының және (немесе) Коммерсанттардың қызметті жүзеге асыруы кезінде көрсетілген талаптардың заңдылықтың тікелей бұзылуынан туындаған кез келген залалдарды Банкке өтейді;

- төлем қызметтерін көрсету туралы Төлемдер агрегаторы мен Коммерсанттар арасында жасалған шарттар төлем және (немесе) ақша аударымы сомасынан оны шегеру жолымен Шартқа сәйкес Ұйым оны өндіріп алған кезде комиссияны өндіріп алу талаптарын және Төлемдер агрегаторының Коммерсантты қабылданған төлемнің және (немесе) ақша аударымының және одан жүргізілген шегерімдердің сомасы туралы хабардар ету тәртібін және Шартқа сәйкес өзге де қажетті талаптарды қамтиды;

- барлық рұқсат беру құжаттарына (егер міндеттемелерді орындау үшін осындай құжаттар қажет болған жағдайда), сондай-ақ PCI DSS Стандартын сақтау мақсатында Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті дағдыларға, білімге және біліктілікке ие;

- қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етілетін, Шарт жасасуға мүмкіндік беретін, Шарт аясында пайдаланылатын өзге зияткерлік меншік объектісінің бағдарламалық жасақтамасына/ бағдарламалық өніміне/ аппараттық-бағдарламалық кешеніне барлық қажетті зияткерлік меншік құқықтарына ие. Төлемдер агрегаторы Банкке тиісті құжаттарды беруге міндеттеледі (**редакция зияткерлік меншік объектісінің құқық иесі Төлемдер агрегаторы болған және/немесе үшінші тарап Төлемдер агрегаторының мүлкін пайдаланған жағдайда қолданылады, мұндай жағдайда редакция құқық иесі және зияткерлік меншік объектісін пайдалану құқықтары туралы ұсынылған деректерге сүйене отырып түзетілуі тиіс**);

- бағдарламалық жасақтамаға/ бағдарламалық өнімге /аппараттық-бағдарламалық кешенге айрықша құқық Шарт аясында пайдаланылатын өзге де зияткерлік меншік объектісі иеліктен шығарылмаған, лицензиялық және өзге де шарттардан туындайтын үшінші тұлғалардың құқықтары мен талаптарымен ауыртпалық салынбаған, сондай-ақ қандай да бір басқа тәсілмен ауыртпалық салынбаған, оның ішінде кепілге салынбаған және тыйым салынбаған, сот, әкімшілік немесе өзге де талқылаудың нысанасы болып табылмайды (**редакция зияткерлік меншік объектісінің құқық иесі Төлемдер агрегаторы болған және/немесе үшінші тарап Төлемдер агрегаторының мүлкін пайдаланған жағдайда қолданылады, мұндай жағдайда редакция құқық иесі және зияткерлік меншік объектісін пайдалану құқықтары туралы ұсынылған деректерге сүйене отырып түзетілуі тиіс**);

- Төлемдер агрегаторы/Коммерсант, оның өкілі, бенефициарлық иесі немесе басқару, меншік құрылымындағы басқа да қатысушылар, бір тұлғалар тобына кіретін тұлғалар, контрагенттер қандай да бір шектеулер немесе санкциялық сипаттағы іс-шараларға қатысты еместігін, кез келген мемлекеттің, әрекеті жоғарыда аталған тұлғаларға және Банкке жүрмейтін халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір санкциялық тізімдерде (бұдан әрі – Санкциялар) жоқтығын растайды.

3. НЕГІЗГІ ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛАПТАР ЖӘНЕ АҚШАНЫ АУДАРУ МЕН ТӨЛЕМДЕРДІ АВТОРИЗАЦИЯЛАУ ТӘРТІБІ

3.1. Сервис сайты пайдалана отырып, тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу үшін, Банк карточкаларды ұстаушылар электрондық нысанда бастамашы болған өңделген төлемдер бойынша Төлемдер агрегаторынан қажетті ақпаратты қабылдайды және белгіленген Банк Сыйақысын ала отырып, Аударылатын сомаларды Транзиттік шотқа есепке жатқызуды жүзеге асырады. Карточкалық операциялар кезінде ұсталатын Банк Сыйақысының мөлшері Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілген. Шарттың №1 қосымшасында көрсетілгендерден басқа, Банк Шарт бойынша ұсынатын қызметтер аясындағы өзге комиссияларды Банк осы Шартта көзделген тәртіпте және талаптарда Банк тарифтеріне сәйкес ұстайды.

3.2. Банктің Сыйақысын төлеу Карточкалық операция сомасынан Банктің осындай Сыйақы сомасын ұстап қалуы арқылы жүргізіледі. Бұл ретте Төлемдер агрегаторы оларды кейіннен Коммерсантқа аудару үшін Транзиттік шотқа Банктің Сыйақысын шегергендегі төлем сомасын алады. Төлемдер агрегаторының комиссиялық сыйақыны алу тәртібі Коммерсант пен Төлемдер агрегаторы арасындағы тиісті шарттың талаптарымен реттеледі.

3.3. Аударылатын сомалар Транзиттік шотқа Карточкалық операция орындалған күннен кейінгі үшінші жұмыс күнінен кешіктірілмей аударылады. Демалыс күндері аударымдар келесі жұмыс күні транзиттік шотқа аударылуға жатады. Техникалық құралдарда жұмыс істеуден бас тартқан, бағдарламалық жасақтаманың, энергиямен жабдықтау жүйелерінің және Банктің бақылауы жоқ өзге де техникалық проблемалардың істен шығуы жағдайында, Банк аталған проблемалар жойылғаннан кейін Транзиттік шотқа аудару сомаларын есепке алуды жүзеге асырады.

3.4. Транзиттік шоттан Коммерсанттың шотына ақша аударуды жүзеге асыру тәртібі Келісімшарттың 3.21- 3.28-тармақтарда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3.5. Карточкалық операциялар бойынша ақшаны Банктің қабылдауы бойынша Төлемдер агрегаторы алдындағы міндеттемелерді орындау күні - Транзиттік шотқа Аудару сомаларын есепке алу күні, Коммерсанттың пайдасына ақша аудару бойынша - Транзиттік шоттан Коммерсанттың пайдасына ақша есептен шығару күні болып есептеледі.

3.6. Банк Карточкалық операцияларды жүргізуге арналған Лимитті Банктің қолданыстағы ішкі талаптарына сәйкес белгілейді. Карточкалық операциялардың көлемі белгіленген Лимиттерден асып кеткен және жария етуге жатпайтын өзге де шектеулер болған кезде Карточкалық операцияларды Банктің Карточкалық жүйесі қабылдамайтын болады.

Карточкалық операциялық лимиттер:

- Бір Карточка бойынша тәуліктік лимит;
- Бір Карточка бойынша бір Карточкалық операцияның тәуліктік лимиті.

Терминалдағы лимиттер:

- Қабылданған Карточкалық операциялардың максималды сомасы бір терминал Коды бойынша N сомадан аспауы тиіс
- Терминал Кодының географиясы (онлайн төлемдерді қабылдаудың елдер бойынша шектеулері)Терминал коды шығарылған сәтте беріледі.

Белгіленген лимиттерді өзгерту қажет болған жағдайда, Төлемдер агрегаторы Шарттың 15-бөлімінде көрсетілген Банктің электронды поштасына осындай өзгеріс (бизнестің маусымдылығы, қысқа мерзімді акциялар) бойынша негіздеме бере отырып, сұрату жазуға құқылы. Банк мұндай сұратуды себепсіз қабылдамауға немесе лимит шарттарын өз қалауы бойынша өзгертуге құқылы. Көрсетілген лимиттер тізбесі толық емес және оны Банк толықтыруы/өзгертуі мүмкін.

3.7. Карточкалық операциялық және терминалдық лимиттер Банктің қалауы бойынша біржақты тәртіпте өзгертілуі мүмкін.

3.8. Карточка ұстаушы Интернет-ресурста тауарды/жұмысты/қызметті таңдауды жүзеге асырады және Карточкамен төлем жасау әдісін таңдайды.

3.9. Шарттың 3.8-тармағында көрсетілген талаптар орындалғаннан кейін, Коммерсант Карточка ұстаушыны Карточканың деректемелерін енгізуі және тауарға/жұмысқа/қызметке ақы төлеу жөніндегі операцияны жүргізуі үшін Сервис сайтына жібереді.

3.10. Карточка ұстаушы Шарттың 3.9-тармағына сәйкес Сервис сайтында Карточка деректемелерін көрсеткеннен кейін, Төлемдер агрегаторы Карточкалық жүйеге Авторизациялық сұрау салу жібереді.

3.11. Шарттың 3.10-тармағының талаптарына сәйкес Төлемдер агрегаторынан Авторизациялық сұрау салу алғаннан кейін, Карточкалық жүйе Авторизациялық сұрау салудың Шарттың 3.6-тармағының талаптарына сәйкестігін тексереді.

3.12. Карточка деректемелерін алғаннан кейін, Карточка жүйесі Карточка бойынша Авторизациялық сұрау салу сомасын төлеу мүмкіндігі немесе мүмкін еместігіне, ХТЖ қағидаларының талаптарына сәйкестігі тұрғысынан Карточканы тексереді.

3.13. Шарттың 3.11, 3.12-тармақтарына сәйкес тексеру жүргізілгеннен кейін және Шарттың 3.5-тармағының талаптарын ескере отырып. Карточкалық жүйе бас тартудың себебін көрсете отырып, Авторизациялық кодпен оң нәтиже жазылған не Авторизацияның теріс нәтижесі бар хабарламаны электрондық түрде Төлемдер агрегаторына жібереді.

3.14. Авторизацияның оң нәтижесі болғанда, Карточка жүйесі Төлемдер агрегаторына Авторизацияның оң нәтижесі жазылған хабарламаны жолдайды, бұл ретте Коммерсант, кейіннен Сауда чегі бар бетті сақтап алуы үшін, жүргізілген Карточкалық операцияның егжей-тегжейі жазылған ақпаратты Сауда чегімен Карточка ұстаушының экранына шығарады, сондай-ақ Сауда чегін Карточканы ұстаушы көрсеткен электрондық пошта мекенжайына және/немесе ұялы байланыс құрылғысына жібереді.

3.15. Сауда чегі келесі ақпаратты қамтуы керек:

- 1) құжаттың нөмірі, оның жазылған күні, айы, жылы;
- 2) ХТЖ атауы;
- 3) Коммерсант немесе Төлемдер агрегаторының қаласының атауы;
- 4) операция (сатып алу) түрі;
- 5) Коммерсанттың және Төлемдер агрегаторының атауы және коды (бар болса);
- 6) Карточка нөмірінің алғашқы алты және соңғы төрт саны;
- 7) Коммерсанттың Интернет-сайтының атауы;
- 8) Коммерсанттың Интернет-сайтының мекенжайы;

- 9) тапсырыс нөмірі;
- 10) операцияның күні мен уақыты;
- 11) валюта көрсетілген тапсырыстың құны;
- 12) авторизация коды;
- 13) Карточканың көмегімен төлем жасалған тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің тізімі;
- 14) Банкке талап етілетін немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының және ХТЖ ережелерінің талаптарына сәйкес көрсетілуге тиіс өзге ақпарат.

Авторизациялаудың нәтижесі оң болған кезде Эмитент банк Карточка ұстаушымен жасалған шартта осындай құқық болған кезде авторландыру сомасына Карточка ұстаушының шотындағы ақшаны бұғаттау бойынша Карточкалық операция жүргізеді.

3.16. Авторизациялаудың нәтижесі оң болған кезде Эмитент, Карточка ұстаушымен жасалған Шартта осындай құқық болған жағдайда, Авторизация сомасына Карточка ұстаушының шотындағы ақшаны бұғаттау бойынша Карточкалық операция жүргізеді.

3.17. Тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу үшін Карточка ұстаушының шотында бұғатталған ақшаны алып қою белгіленген мерзімде автоматты түрде жүргізіледі (екі сатылы төлем операцияларына жатпайды).

3.18. Қайтару операциясы Транзиттік шотқа аударуға жататын ақша сомасынан Банктің Қайтарылған Карточкалық операция сомасын шегеруі (алуы) жолымен жүргізіледі. Қайтарылған Карточкалық операция бойынша Банк бұрын ұстаған Сыйақы Сомасын Банк Төлемдер агрегаторына қайтармайды.

3.19. Тараптардың әрқайсысы салық міндеттемелерін өз беттерінше орындайды.

3.20. Есепті айдан кейінгі айдың 15 (он бесінші) күнтізбелік күнінен кешіктірмей, ай сайын Банк Шарттың №8 Қосымшасына сәйкес өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін қалыптастырады және оны электронды түрде _____@_____ электрондық мекенжайына Төлемдер агрегаторына жолдайды. Өзара есеп айырысуды салыстыру актісі келісілген және/немесе 5 (бес) жұмыс күні ішінде Төлемдер агрегаторы тарабынан дәлелді қарсылық болмаған жағдайда, Банк қол қойылған Өзара есеп айырысуды салыстырып тексеру актісін Шарттың 15-бөлімінде көрсетілген почта мекенжайына 2 (екі) данада жібереді. Төлемдер агрегаторы Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісіне қол қоюға дәлелді қарсылық берген жағдайда, Тараптар Төлемдер агрегаторы дәлелді қарсылықты жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша бұдан былайғы іс-қимылдарды келіседі. Бұл ретте, егер бұл сомалар Тізілімге енгізілген сомаларға сәйкес келсе, ұстап қалынған Сыйақы сомалары бойынша Төлемдер агрегаторының қарсылықтары қаралмайды.

Банктің Төлемдер агрегаторы берген Нұсқауды өңдеу және Коммерсанттармен есеп айырысуды жүзеге асыру тәртібі

3.21. Төлемдер агрегаторы күнделікті Жұмыс күнінің 16:00 сағатына дейін, байланыстың қорғалған каналдары арқылы Банкке әр Коммерсант бойынша Банк белгілеген нысанға сәйкес аударым сомаларының толық жазылуы көрсетілген Нұсқауды жібереді. Нұсқауда Коммерсанттар пайдасына жасалуға тиісті Карточкалық операциялардың күні, Коммерсанттардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

3.22. Банкте ашылған Төлемдер агрегаторының ағымдағы шотынан Коммерсанттың шотына ақша аудару үшін, Банк Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілген тарифтерге сәйкес комиссия ұстайды, Төлемдер агрегаторының ағымдағы шотында ақша болмаса/жеткіліксіз болса, Банк Төлемдер агрегаторының Банкте ашылған кез-келген банктік шоттарынан ақшаны есептен шығаруға (алып қоюға) немесе Шартта белгіленген өзге тәртіппен Банктің талаптарын қанағаттандыруға құқылы.

3.23. Банк Аудару сомаларын Нұсқауды алған күннен кейін келетін Жұмыс күнінен кешіктірмей аударыды. Нұсқау сомасы Аудару сомаларын аудару күні Транзиттік шотта бар ақша қалдығы сомасынан кем немесе сол сомаға тең, бірақ Транзиттік шоттағы қалдық ақша сомасынан артық болмауы мүмкін. Егер Нұсқаудағы Аудару сомалары Нұсқауды алған күндегі жағдай бойынша Транзиттік шоттағы ақша қалдығынан артық болса, жетіспеген сомаға Аудару сомаларын аудару Банктің Карточкалық операциялық жүйелері тарапынан автоматты түрде еркін тәртіпте кері қайтарылады, Төлемдер агрегаторына тиісті мәлімдемелер жіберіледі. Банк Аудару сомаларын аударыды, олардың жалпы сомасы Транзиттік шоттағы ақша қалдығына тең немесе одан кем болады. Банк Төлемдер агрегаторына орындалмаған Аудару сомаларын аудару туралы ақпаратты байланыстың қорғалған каналдары арқылы тиісті статусты ұсыну арқылы Транзиттік шотта ақша жеткіліксіздігі анықталған күні хабарлайды.

3.24. Тараптар тиісті Нұсқау негізінде басқа Жұмыс күндері Коммерсанттардың пайдасына аударылуы мүмкін қалдық ақшаның Транзиттік шотта болуын мүмкін санайды.

3.25. Нұсқауды өңдеу процесінде деректемелердегі қателіктерге, Банктің тексерістерінен өтпеуіне, Банктің белгіленген комиссиясын өндіру мақсатында, заңнамада және Банктің ішкі талаптарында көзделген өзге де жағдайларда Төлемдер агрегаторының ағымдағы шотында ақшаның болмауына/жеткіліксіздігіне байланысты қандай да бір аударым жасалмаса, Банк қорғалған байланыс арналары бойынша Төлемдер агрегаторына тиісті төлем статусын ұсынады. Төлемдер агрегаторы өз кезегінде, орындалған/орындалмаған төлемдерге Транзиттік шот бойынша үзінді көшірме қалыптастыру арқылы тексеру жүргізеді. Орындалмаған төлемдер бойынша Төлемдер агрегаторы қателіктердің себебін (қате

ағымдағы шот, алушының банк БСК және т.б.) анықтайды және ақпаратты Коммерсантқа өздігінен жеткізеді.

3.26. Төлемдер агрегаторы Транзиттік шот бойынша үзінді көшірмені Банк төлемді жүргізгеннен кейін қайтару мақсаттарын анықтау үшін өздігінен қалыптастырады (қате төлем, жарамсыз деректемелер және т.б.).

3.27. Төлемдер агрегаторы Карточка ұстаушыларға ақшаны Төлемдер агрегаторы және Коммерсант арасында бекітілген Шарттағы әдістермен қайтару үшін толық жауапкершілікті көтереді.

3.28. Шартқа қол қоя отырып, Төлемдер агрегаторы Шартта қарастырылған өзара есептесуді өткізудің тәртібімен келіскенін білдіреді.

3.29. Банк келесі қосымша сервистердің (баптаулардың) қосылуына рұқсат береді:

1) **Карточкалық операцияны жүргізудің екі сатылы сызбасы.** Бірінші кезеңде Карточкалық операцияны авторизациялау және Карточкадағы ақшаны бұғаттау өтеді, екінші кезеңде - осындай Карточкалық операция бойынша ақшаны есептен шығаруға бастамашылық жасайды. Екінші кезең Банк, Коммерсанттың Карточкалық операцияны өңдеу қажеттілігін растайтын Коммерсанттан/Төлемдер агрегаторынан Авторизацияны аяқтауға сұранымды қабылдағанда аяқталады. Екінші кезең аяқталғанда, Банк осындай Карточкалық операция бойынша ақшаны есептен шығарады. Екінші кезеңді аяқтауға бастамашылық бірінші кезең аяқталған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде не болмаса ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде, Коммерсанттың қызмет түріне байланысты жасалуға тиіс. Егер Банк Коммерсанттың/Төлемдер агрегаторының авторизацияны (екінші кезеңді) аяқтауға күнтізбелік 7 (жеті) күннің ішінде сұратуын алмаған жағдайда, Банк мұндай операцияны есептен шығарылуына, тиісінше оны Транзиттік шотқа одан әрі аударылуына кепілдік бере алмайды;

2) **Рекуррентті/ қайталанатын Карточкалық операцияларды өткізу.** Келісімде алдын ала анықталған уақыт аралығы арқылы, бірақ екі Карточкалық операцияны жүргізу арасында бір жылдан аспайтын мерзімде, Коммерсант және Карточка ұстаушының арасында жасалған келісімге сәйкес Карточканың деректемелерін қайта енгізбей, Карточкалық операцияларды өткізу. Бұл ретте Коммерсант пен Карточка ұстаушы арасындағы келісім осындай келісімнің барлық әрекет ету мерзімі барысында Карточкалық операцияларды жүргізу кезінде төленген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді тұрақты түрде ұсынуды қарастыруға міндетті;

3) **төлемді Токен арқылы қабылдау.** Токен арқылы төлемді жүргізу әдісін қолданғанда, Карточканы тіркеу кезінде Банктің Токендеу жүйесі арқылы құпия мәліметтермен салыстыру арқылы жүргізіледі. Токендеуді орындау кезінде Карточканың құпия мәліметтерін тиісті баламасына – Токенге алмастыру процесі жүргізіледі;

3.30. Қосымша сервистерге (баптауларға) қосылуға рұқсат беру/ажырату/бас тарту туралы шешімді Банк Төлемдер агрегаторының жазбаша өтініші (өтінімі) негізінде, сонымен қатар Банктің уәкілетті органы бекіткен басқа да негіздер бойынша қабылдайды.

4. CHARGEBACK, КАРТОЧКА ҰСТАУШЫҒА АҚШАНЫ ҚАЙТАРУ

4.1. Chargeback не болмаса retrieval request алған (немесе Банк Эмитент банк болса, бастамашы болған) жағдайда, Банк Шарттың 15-бөлімінде көрсетілген Төлемдер агрегаторының электронды мекенжайына электронды түрде Коммерсанттың тауарларды/ жұмыстарды/ көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі міндеттемелерін орындағанын растайтын құжаттарды Банкке беру туралы (операциялар даулануға жататын, ал көрсетілген құжаттар ХТЖ белгілеген ережелер бойынша ұсынылатын кезде) жүгінеді. Эмитент банкке Карточка ұстаушының Шарт шеңберінде төленген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы немесе Карточка ұстаушының шотынан ақшаны заңсыз есептен шығару туралы жазбаша өтініші түскен жағдайда, Эмитент банк Chargeback-ке бастамашылық жасайды.

4.2. Шарттың 4.1-тармағына сәйкес алынған сұрау салудың негізінде, Төлемдер агрегаторы растайтын құжаттарды алу және Банктен сұрау салуды алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күніне дейінгі мерзімде оларды Банкке ұсыну мақсатында Коммерсантқа сұрау салуға бастамашылық жасайды.

Банкке ұсыну үшін қажетті құжаттар тізбесі төменде көрсетілгендерді қамтиды, бірақ олармен шектелмейді және Банк оны Коммерсанттың қызметінің түріне және Эмитенттің/Карточка ұстаушының сұрау салуына қарай толықтыра алады:

1) сатылған тауардың/жұмыстың/қызметтің толық сипаттамасы;

2) тауарларды жеткізу/жұмыстарды орындау/қызметтерді көрсету фактісін растайтын құжаттар: Шарттың 3.15-тармағына сәйкес ресімделген Сауда чегі, бақылау (тауар) чегі, тауар жүккүжаты, инвойс, тауарларды жеткізу/ орындалған жұмыстар/ көрсетілген қызметтер актісі және т. б.;

3) қонақ үй саласында қызмет көрсететін Коммерсанттар мейманның портфолиосын, мейманның тіркеу карточкасын, брондау және күшін жою саясатын қосымша ұсынады;

4) әуе/теміржол тасымалдау саласында қызмет көрсететін Коммерсанттар билеттің көшірмесін немесе отырғызу талонын, билеттерді (отырғызу талондарын) брондау, сатып алу және қайтару саясатын қосымша ұсынады.

4.3. Шарттың 4.1., 4.2.- тармақтарына сәйкес Ұйымның Банкке ұсынылуы қажет а) құжаттары болмаған, (б) оларды Шарттың 4.2.-тармағында көрсетілген мерзімде ұсынбаған, (в) Коммерсанттың Карточка ұстаушының алдындағы алдындағы міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау фактісімен Төлемдер агрегаторы келіскен, (г) ХТЖ Карточкалық операциясын жарамсыз,оның ішінде даусыз тәртіппен оны даулау мүмкіндігінсіз ЖТХ белгіленген қағидалар бойынша заңсыз, Фрод немесе құқыққа қайшы деп таныған жағдайда, оның нәтижесінде Банкке ХТЖ тарапынан тиісті санкциялар тағайындалған, Банктен тиісті Карточкалық операция сомасы ұсталынған(алынған) жағдайларда (немесе осындай тағайындауға, ұстап қалуға дейін және Банктің санкцияны тағайындау, соманы ұстап қалуды өтеуді қамтамасыз ету мақсатында), (д) Карточка ұстаушыға бұрын жүргізілген төлем/ақша аудару бойынша операция сомасын қайтару, Банк көрсетілген ақша сомасын Төлем агрегаторының Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан кез келген тыйым салынбаған тәсілдермен шығаруға немесе оны Аударылатын ақша сомасынан ұстап қалуға құқылы;

4.4. ХТЖ Банкке санкция тағайындағанға, оны Банктен ұстап қалғанға (өтегенге) дейін Банк есептен шығарған Карточкалық операция сомасы Карточкалық операциялар бойынша санкцияларды тағайындау үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер ішінде Банктің шоттарында ескеріледі. Егер Карточкалық операциялар бойынша санкцияларды тағайындау үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер аяқталғанға дейін мұндай санкциялар тағайындалса, сома Банктен ұсталып қалады, Банк ХТЖ-ға мәміле сомасын Шартқа сәйкес алынған/ұсталған қаражат есебінен өтейді және Шартта белгіленген тәртіппен өзінің өзге де құқықтарын іске асырады. Егер Карточкалық операциялар бойынша санкцияларды тағайындау үшін ХТЖ талаптарында көзделген мерзімдер өткеннен кейін Банкке мұндай санкциялар тағайындалмаса, сома Банктен ұсталмайды немесе егер ХТЖ Шартқа сәйкес Банк алып қойған/ұстап қалған Карточкалық операцияның санкцияланғанын таныса, Банк алып қойылған/ұсталған ақшаны қайтаруға міндеттенеді. Шарттың осы бөлімінің талаптарына байланысты Коммерсанттардың пайдасына төлемдер сомасы жөніндегі мәселелерді реттеуді Төлемдер агрегаторы өздігінен және өз есебінен жүзеге асырады.

4.5. Төлемдер агрегаторы Банкте ашылған өзінің банктік шотында Шарттың 4.3-тармағына сәйкес өз міндеттемелерін орындау үшін жеткілікті ақша сомасының болуын қамтамасыз етеді. Көрсетілген деректемелер бойынша оларды Банктен осындай талапты алғаннан кейін дереу Банктің шотына аударды. Сондай-ақ, Банк Шартта және Қамтамасыз ету шартында белгіленген тәртіппен, егер Төлемдер агрегаторы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде ұсынса, қамтамасыз ету сомасынан тиісті талаптарды қанағаттандыра алады.

4.6. Банктің Коммерсант пайдасына Карточкалық операциялар бойынша ақша аударуы мұндай Карточкалық операцияларды заңды және жарамды деп қорытынды және даусыз тануды білдірмейді. Мұндай Карточкалық операциялар Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ қағидаларына сәйкес, оның ішінде ХТЖ қағидалар бойынша мұндай Карточкалық операцияларды даулау мүмкіндігінсіз, белгіленген жарамсыз: заңсыз, Фрод немесе құқыққа қайшы деп танылуы мүмкін. Осы арқылы Төлемдер агрегаторы Карточкалық операцияны жарамсыз: заңсыз, Фрод немесе өзге құқыққа қайшы деп танумен байланысты барлық тәуекелді өзіне қабылдайды және Банк Chargeback алған (немесе Банк Эмитент Банк болып табылған жағдайда бастамашылық еткен) жағдайда, Карточка ұстаушының шотынан аударылған немесе Банк Төлемдер агрегаторының нұсқауы бойынша Карточка ұстаушыға қайтарған ақшаны сөзсіз қайтаруға міндеттенеді.

4.7. Егер Банк осы Шартта белгіленген тәртіппен сомаларды алып қоюды (есептен шығаруды) жүзеге асырған кезде, алып қойылған (есептен шығарылған) соманың валютасы Банк жүргізген қайтару сомасының валютасына сәйкес келмейтін болса, Банк алып қоюға (есептен шығаруға) жататын ақша сомаларын осындай операцияны жүзеге асыру сәтіндегі Банктің қолма-қол емес шетел валютасын сатып алу/сату бағамы бойынша Карточканы ұстаушыға қайтарылған соманың валютасына айырбастауды жүзеге асырады.

4.8. Банк санкциялануы, жарамдылығы Банкте күдік тудыратын Карточкалық операцияларды анықтаған жағдайда, Банк осындай Карточкалық операциялар бойынша ақша аударуды тоқтата тұруға құқылы. Ақша аудару Карточкалық операциялардың санкциялануын тергеу мерзіміне – Карточкалық операциялар жасалған сәттен бастап күнтізбелік 180 (жүз сексен) күнге немесе ХТЖ ережелеріне сәйкес өзге мерзімге тоқтатылады.

4.9. Егер Chargeback немесе Төлемдер агрегаторына/Коммерсантқа қатысты мәлімделген Фрод сомасы Төлемдер агрегаторының сервисін пайдалана отырып жүргізілетін барлық Карточкалық операция сомасының 1% (бір пайызынан) асып кеткен күннің алдындағы бір айда немесе Банктің қалауы бойынша белгіленген өзге де мөлшерде (үлесте) асып кетсе, Банк Төлемдер агрегаторының шотына/Коммерсанттың пайдасына ақшаны есепке жатқызуды қоса алғанда, Карточкалық операцияларды өндеуді күнтізбелік 180 (жүз сексен) күнге дейінгі мерзімге немесе ХТЖ ережелеріне сәйкес өзге мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

4.10. Карточкалық операциялар және олар бойынша өзара есеп айырысулар бойынша Төлемдер агрегаторы тарапынан наразылықтарды Банк операция жүргізілген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, ал егер ХТЖ қағидаларында неғұрлым қысқа мерзім көзделсе, онда осындай ХТЖ қағидаларында белгіленген мерзімде қабылдайды. Банктің Ұйым тарапынан операция бойынша және өзара есеп айырысулар бойынша көрсетілген мерзімде талап-арыз алмауы Төлемдер агрегаторының осы операция бойынша төлем сомасын алғанын растау болып саналады.

- 4.11.** Банк ХТЖ қағидаларында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім өткеннен кейін Төлемдер агрегаторы тарапынан қойылған наразылықтар бойынша жауапты болмайды.
- 4.12.** Коммерсант Шарт аясында жасалған Карточкалық операциялар бойынша талаптар қойған жағдайда, Банк Коммерсант пен Төлемдер агрегаторы арасындағы дауларға қатысудан бас тартуға құқылы.

5. ЖАРАМСЫЗ КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯЛАР

- 5.1. Карточкалық операция жарамсыз деп танылады, егер:**
- 5.1.1.** Карточкалық операция осы Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілмеген ХТЖ карточкасын пайдалана отырып жасалса;
- 5.1.2.** Карточкалық операцияға Эмитент, Банк немесе Карточка ұстаушы ХТЖ арқылы Фрод ретінде наразылық білдірсе;
- 5.1.3.** Эмитент ХТЖ арқылы немесе Карточка ұстаушы Банк арқылы наразылық білдірген Карточкалық операция бойынша Коммерсант/Төлемдер агрегаторы ХТЖ қағидалары немесе Банк тұрғысынан Коммерсанттың/Төлемдер агрегаторының іс-әрекетінің заңдылығын растайтын құжаттарды ұсына алмаса;
- 5.1.4.** Осы Шарттың талаптарын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасын бұза отырып жасалса;
- 5.1.5.** Карточкалық операция жасалған күні Карточканың қолданыс мерзімі аяқталса;
- 5.1.6.** Карточка ұстаушысы Карточка деректемелерін пайдалана отырып төлеген Интернет-сайттағы тауардың/ жұмыстың/ қызметтің құны қолма-қол ақшамен төлеген кезде тауардың/жұмыстың/қызметтің құнынан асса;
- 5.1.7.** Карточкалық операция жасау кезінде Эмитенттен Авторизациялау коды алынбаса;
- 5.1.8.** Шарттың 7.3.31-тармағында көрсетілген талаптар бұзылса;
- 5.1.9.** Карточкалық операция жасау кезінде пайдаланылған Интернет-сайт Шартта көрсетілген талаптарға сай келмесе;
- 5.1.10.** Карточкалық операциялар немесе Авторизация туралы сұрау салуды Банктің мониторинг жүйесі күдікті деп таныса;
- 5.1.11.** Жүргізілген Карточкалық операция бойынша Төлемдер агрегаторының қызметкерлері және/немесе Коммерсант тарапынан құқыққа қайшы іс-әрекеттер жасағаны анықталса;
- 5.1.12.** Карточканы не оның деректемелерін пайдалана отырып төленген тауар Коммерсантқа қайтарылса немесе жеткізілмесе, қызметтер/жұмыстар тоқтатылса немесе Карточка ұстаушыға көрсетілмесе/орындалмаса, бірақ Карточка ұстаушыға ақшаны қайтару жүргізілмесе (тауар/жұмыс/көрсетілетін қызме қабылданбаған немесе тауарды қайтару, жұмыстардан/көрсетілетін қызметтерден бас тарту Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе Коммерсанттың жұмыс қағидаларында көзделмеген және карточка ұстаушыға бұл туралы мәміле жасалғанға дейін хабарланған жағдайларды қоспағанда);
- 5.1.13.** Карточка ұстаушы бұрын төлеген тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге, оның ішінде өзге де тәсілмен қайта ақы төленсе (бұл туралы құжаттамалық растау бар);
- 5.1.14.** Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ белгіленген өзге жағдайларда.

6. КАРТОЧКАЛЫҚ ОПЕРАЦИЯНЫ ЖОЮ НЕМЕСЕ ҚАЙТАРУ

- 6.1.** Карточка ұстаушы Карточкалық операция жүргізілген күні немесе Коммерсант есептен шығаруды жүзеге асырғанға дейін (екі сатылы операциялар үшін) ақшаны қайтару үшін Коммерсантқа жүгінген кезде, Коммерсант Төлемдер агрегаторының Сервистері арқылы не Жеке кабинеті арқылы Карточкалық жүйеге автоматтандырылған сұрау салуға бастамашылық жасай отырып, мұндай операцияның күшін жоюды жүзеге асырады.
- 6.2.** Алынған Карточкалық операцияны жою туралы сұрау салуға сәйкес, Эмитент Авторизациялаудың бұғатын шешеді және бұғатталған сома Карточка ұстаушыға қолжетімді болады.
- 6.3.** Авторизациядан сәтті бас тарту немесе одан бас тарту туралы ақпарат алған кезде, Банктің Карточкалық жүйесі тиісті хабарлама жібере отырып, Төлемдер агрегаторына хабар береді.
- 6.4.** Карточка ұстаушы Коммерсант есептен шығаруды жүзеге асырғаннан кейінгі келесі немесе кез келген басқа күні ақшаны қайтару үшін Коммерсантқа жүгінген кезде (екі сатылы операциялар үшін), Коммерсант мұндай операцияны Төлемдер агрегаторының Сервистері арқылы немесе Жеке кабинеті арқылы Карточкалық жүйеге автоматтандырылған сұрау салуға бастамашылық жасау арқылы қайтаруды жүзеге асырады. Қайтару операциясы 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде, Банктің Карточкалық жүйесі Аударым сомасынан Қайтарылатын карточкалық операцияның сомасын ұстап қалуы арқылы орындалады. Транзакцияның күшін өз бетінше жою мүмкін болмаған жағдайда, Төлемдер агрегаторы Карточкалық операция бойынша мәліметтерді және қайтарылуы /ішінара қайтарылуы тиіс соманы көрсете отырып, Карточка ұстаушының ақшаны қайтаруы туралы жазбаша нұсқауды Банктің электронды мекенжайына жолдайды. Төлемдер агрегаторы / Коммерсант Карточкалық операция сомасы шегінде ішінара қайтаруға бастамашы болу мүмкіндігіне ие.

7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

7.1. Банк міндеттенеді:

7.1.1. Төлемдер агрегаторы тиісті өтінімді берген сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Регламентке (Шартқа №7 қосымша) сәйкес, Төлемдер агрегаторының Сервисін Карточкалық жүйеде тіркеуді жүргізуге. Бұл ретте Коммерсанттардың санына және / немесе олар айналысатын қызмет түріне байланысты бірқатар терминал Кодтарын беруге рұқсат етіледі;

7.1.2. Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде Транзиттік шотқа аударым сомаларын қабылдауды және ақшаны Коммерсанттың шотына аударуға, Банктің және Төлем агрегаторының комиссиялық сыйақысын шегере отырып, оны Төлемдер агрегаторы Шартта белгіленген тәртіпте, Төлемдер агрегаторы мен Коммерсант арасында жасалған Шартқа сәйкес алған кезде;

7.1.3. Жоспарлы жұмыстарды жүргізу уақытын қоспағанда, тәулік бойы Авторизациялық сұрау салуларды Карточкалық жүйемен өңдеуге, Карточкалық операцияларды өңдеуге, сондай-ақ Төлемдер агрегаторы Сервисінде Карточкалық операциялардың орындалу нәтижелерін бағыттауды қамтамасыз етуге;

7.1.4. Шартқа және ХТЖ қағидаларына сәйкес, Банк Төлемдер агрегаторынан алатын ақпараттың өту қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;

7.1.5. Төлемдер агрегаторына оның Сервисін өзгертудің (пысықтаудың) техникалық сипаттізімі мен техникалық тапсырмаларды беруге (қажет болған жағдайда), тестілік ортамен қамтамасыз ете отырып, көрсетілген интерфейсті кешенді тестілеуді ұйымдастыруға. Шартқа сәйкес Интернет-эквайринг жұмысының тәртібін және карточкалық операцияны өңдеуді қамтамасыз етуге;

7.1.6. Карточкалық операциялар бойынша есептілікті олар жүргізілген күннен бастап 5 (бес) жыл бойы сақтауға;

7.1.7. Карточкалық операциялар туралы мәліметтер негізінде Карточкалық жүйеде өткен жұмыс күні үшін электрондық түрде Тізілім қалыптастыруды (Шартқа №6 Қосымшаға сәйкес нысан бойынша) және жүзеге асырылған Карточкалық операциялар бойынша салыстырып тексеру жүргізу үшін, оны Төлемдер агрегаторына келесі жұмыс күні Астана қаласы уақытымен сағат 11.00-ден кешіктірмей:

_____ электрондық мекенжайға жолдауға. Мереке және/немесе демалыс күндері жасалған Карточкалық операциялар бойынша Тізілімді Банк Төлемдер агрегаторына осы тармақта көзделген мерзімдер және тәртіпте келесі жұмыс күні береді;

7.1.8. Шартта белгіленген тәртіпте Коммерсанттардың пайдасына ақша аударуды одан әрі жүзеге асыру үшін, аударым сомаларын есепке алу үшін теңгемен транзиттік шот ашуға;

7.1.9. Транзиттік шотта есепке алынатын ақшаның сақталуын қамтамасыз етуге;

7.1.10. Транзиттік шоттағы ақша қозғалысымен байланысты операцияларды есепке алуды қамтамасыз етуге;

7.1.11. Тізілімдердің негізінде және осы Шарттың талаптарына сәйкес ақшаны уақытылы және толық есепке жатқызуды жүзеге асыруға және оған жауапты болуды, сондай-ақ оны жүзеге асырған күні Төлемдер агрегаторына ақша аударымдарының нәтижелері туралы, оның ішінде төлемді толық немесе ішінара жою нәтижелері туралы тиісті ақпараттық хабарлама жіберуге.

7.2. Банк құқылы:

7.2.1. Кез келген уақытта, өз қалауы бойынша, Коммерсантты/Төлемдер агрегаторын тексеруге (қызметін тексеруге), оның ішінде, Агрегатордан Коммерсант туралы ақпаратты, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, Коммерсанттың қызметінің түрлері, Интернет-ресурсы, акционерлері (қатысушылар/құрылтайшылар, бенефициар меншік иесі туралы деректер, Коммерсанттың өз қызметін жүзеге асыруға рұқсатының бар-жоғы (қолданыстағы заңнамаға сәйкес талап етілсе) туралы ақпаратты, ХТЖ талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін мәліметтерді және кез келген басқа қажетті ақпаратты сұрауға;

7.2.2. Егер Банк Chargeback алса, Төлемдер агрегаторынан Коммерсанттың тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді сату бойынша міндеттемелерді орындағанын растайтын құжаттарды талап етуге;

7.2.3. Аударуды жүзеге асырмауға, аударымдар сомасынан ұстап қалуға немесе Агрегатордың Банкте ашылған кез келген банктік шотынан ақшаны шартсыз және даусыз тәртіппен (Төлемдер агрегаторының қосымша келісімін алмастан) ақшаны есептен шығаруға (алуға), оған Төлемдер агрегаторы шотты ашқан кезде есептен шығаруға өзінің сөзсіз және қайтарылмайтын келісімін береді, немесе төменде көрсетілген жағдайларда, Шартта белгіленген өзге тәртіпте Банктің талаптарын қанағаттандыруға:

- 1) Шарт талаптарын бұза отырып жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша;
- 2) Chargeback/Dispute арқылы Эмитенттер және/немесе ХТЖ Frod ретінде мәлімдеген Карточкалық операциялар бойынша;
- 3) Шарттың №6 қосымшасына сәйкес санкциялануы Банкте күдік туғызатын Карточкалық операциялар бойынша, сондай-ақ туындаған даулы жағдай шешілгенге дейін көрінеу қате, санкцияланбаған немесе даулы Карточкалық операциялар бойынша (Карточкалық операция жасалған кезден бастап күнтізбелік 540 (бес жүз қырық) күннен аспайтын мерзімге);
- 4) Шарттың 5-бөліміне сәйкес Банк санкцияланбаған операциялар ретінде мәлімдеген Карточкалық операциялар бойынша;

5) Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың Шарттың ережелерін, сондай-ақ қолданыстағы заңнама талаптарын немесе ХТЖ белгілеген қағидаларды бұзуына байланысты ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот/құқық қорғау органдары және / немесе өзге де уәкілетті органдар Банкке салған айыппұлдар, алымдар мен тұрақсыздық айыбы сомалары бойынша Банктің талабы;

6) Шарт бойынша Банктің сыйақыларын төлеу жөніндегі талабы;

7) Төлемдер агрегаторының Шартта көзделген міндеттемелерді және/немесе және/немесе Коммерсанттың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуы, орындамауы, тиісінше орындамауы салдарынан нақты келтірілген залалдардың сомаларын;

8) қате аударылған сомаларды;

9) Шарттың 7.2.23-тармағына сәйкес, ХТЖ комиссиялық алымдарын. Бұл ретте ХТЖ комиссиялық алымдарының сомасын есептен шығару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төлем күн жасау күніндегі бағамы бойынша АҚШ долларында да, теңгедегі баламада да жүргізілуі мүмкін;

7.2.4. Төлемдер агрегаторынан келесі ақпараттарды және құжаттарды алуға:

1) Коммерсанттың тауарлары/жұмыстары/қызметтері туралы;

2) жасалған Карточкалық операциялар туралы, оның ішінде Карточка ұстаушыға қызмет көрсетуді растайтын өзге де кез келген құжаттар мен ақпаратты, егер Банкке Фрод бойынша тергеп-тексеру жүргізу үшін қажет болса, Банк валюталық бақылауды жүзеге асыруы үшін, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, ХТЖ-нің немесе құқық қорғау/сот органдарының сұрау салулары бойынша, Клиенттің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруді жүзеге асыру үшін;

3) Коммерсанттар туралы ақпаратты, оның ішінде Шарттың 7.1.6. тармағына сәйкес ақпаратты;

4) Көрсетілетін қызметтеріне Төлемдер агрегаторында лицензиялардың болуы туралы ақпаратты (егер мұндай лицензиялар Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе ХТЖ қағидаларының талаптарына сәйкес Төлемдер агрегаторында болуы тиіс болса);

5) PCI DSS талаптарына сәйкестік сертификаты туралы ақпаратты (егер ХТЖ ережелеріне сәйкес мұндай сертификаттың болуы міндетті болса);

7.2.5. Төлемдер агрегаторына хабарлама жіберілген сәттен бастап 1 (бір) сағат ішінде, нақты бір Коммерсант бойынша Шарт шеңберінде төлем қабылдауды дереу тоқтату немесе тоқтата тұруға;

7.2.6. Шартқа қосымша келісім жасау арқылы, Шарттың №1 қосымшасында көзделген Карточкалық операциялар үшін төлем жасау кезінде Банк ұстап қалатын комиссияны өтеруге бастамашылық жасауға;

7.2.7. Төлемдер агрегаторының және/немесе Коммерсанттардың Шарт талаптарын сақтауын тексеруге, тек олардың қызметіне араласпай;

7.2.8. Егер Банк Аударым жасау кезінде Қайтару карточкалық операциясы сомасын есепке алмаған жағдайда және/немесе Шартта көзделген негіздер бойынша Төлемдер агрегаторының Банк алдында туындаған кез келген берешек сомасын Аударылатын ақшадан ұстап қалуды жүзеге асырмаған жағдайда, Банк Төлемдер агрегаторына Қайтару карточкалық операцияның және/немесе тиісті берешектің сомасын төлеу туралы хабарлама жібереді. Төлемдер агрегаторы көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, хабарламада көрсетілген соманы хабарламада көрсетілген деректемелер бойынша Банкке аударуға міндеттенеді. Тараптар, Банктің жазбаша хабарлама жіберуі Төлем агрегатордың Банкке Қайтару карточкалық операциясы сомасын және/немесе берешек сомасын аударуы үшін немесе Аударым сомасын азайту үшін еткілікті негіз болып табылатынын мойындайды. Егер берешек сома шетел валютасында мәлімделсе, онда төлем/ұстап қалу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сол күнге арналған бағамы бойынша теңгемен жүзеге асырылады;

7.2.9. Карточканы пайдалана отырып, олардың заңдылығына қатысты күдік тудыратын операцияларды анықтау және алаяқтық операцияларды болдырмау жөнінде шаралар қабылдау мақсатында Банк мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей:

1) Карточкалық жүйеге келіп түсетін Авторизациялық сұрау салудағы ақпаратқа мониторинг (талдау) жүргізуге;

2) Карточкалық жүйе арқылы сатылатын тауарлар/жұмыстар/көрсетілетін қызметтер тізбесіне Коммерсанттың мәлімделген қызметінің сәйкестігі тұрғысынан мониторинг (талдау) жүргізуге;

7.2.10. Шартқа сәйкес Төлемдер агрегаторының Сервисін пайдалана отырып, Карточкалық жүйе арқылы операция жүргізуге лимиттер белгілеуге;

7.2.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында және Шартта көзделген жағдайларда Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттардың қызметтері туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына және ХТЖ-не беруге;

7.2.12. келесі жағдайларда Карточкалық операция жүргізуді дереу тоқтатуға және/немесе одан бас тартуға;

1) егер осы операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы (тараптары) төмендегілер болып табылса:

- а) тізбелерге енгізілген Төлемдер агрегаторы немесе тұлға;
- б) ұйымдардың немесе Тізбеге енгізілген тұлғаның тікелей немесе жанама меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға;
- в) ұйымдардың немесе Тізбеге енгізілген тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;
- г) халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/жүрген адам не егер осы операцияны/мәмілені орындауға осындай адам қатысса;
- 1) Егер Төлемдер агрегаторы жасайтын Карточкалық операцияларды зерделеу процесінде операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік болса;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс- қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – ҚЖА/ТҚ туралы заң) немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларда;
- 3) санкцияланбаған операциялар, Фрод, Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа, ХТЖ қағидаларына сәйкес рұқсат етілмеген қызмет түрі немесе басқа күдікті белсенділік анықталғанда (жүргізілуі мүмкін деген күдік болғанда), Банкке сұратқан ақпаратты ұсынудан бас тартқанда, сондай-ақ егер операцияны тоқтату және/немесе жүргізуден бас тарту Банкке/Клиентке/Карточканы ұстаушыға залал келтіруді/ залалдың әрі қарай ұлғаюын, өзге қауіптерді болдырмау мақсатында және Банктің қалауы бойынша немесе ХТЖ сұранысы бойынша басқа жағдайларда;
- 4) Төлемдер агрегаторы тиісті түрде тексеріс жүргізу үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсынудан, клиенттің деректерін/дербес деректерін жинауға, өндеуге және FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-тың Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) тапсыруға келісім беруден бас тартқан жағдайда;
- 5) Төлемдер агрегаторы/Коммерсант Шарт шеңберінде Банкке дәйексіз ақпарат берсе;
- 6) Коммерсант Шартта көзделген тәртіппен Банкті алдын ала хабардар етпей, Интернет-ресурстың домендік атауына өзгерістер енгізсе;
- 7) Төлемдер агрегаторының Интернет-ресурсы Шартқа №2 қосымшада белгіленген талаптарға сәйкес келмесе;
- 8) Коммерсант Банкке және/немесе ХТЖ-не қаржылай залал келтіруі және/немесе олардың беделіне нұқсан келтіруі мүмкін қызмет түрлерін жүзеге асырса;
- 9) Төлем агрегаторы Шарттың №2 қосымшасында тізбеленген Қызметтер тізбесіне кіретін қызмет түрлерінің төлемдерін өткізсе;
- 10) бұрын жүргізілген Карточкалық операция бойынша, ақша Карточкадан заңсыз есептен шығарылған кезде Коммерсанттың Қайтару карточкалық операциясын жүргізуден негізсіз бас тарту жағдайларын Банк анықтаса, және/немесе тауардың/жұмыстың/көрсетілетін қызметтің сапасы және/немесе олардың жеткізілу мерзімдері Карточка ұстаушының талаптарын қанағаттандырмаса және осындай тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді ұсыну саясатының талаптарына сәйкес келмесе.
- 7.2.13.** Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда Авторизацияны тоқтату, тіпті Төлемдер агрегаторымен іскерлік қатынасты тоқтатуға;
- 7.2.14.** Төлемдер агрегаторының ҚЖА/ТҚ туралы заң талаптарын, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілерін, ХТЖ қағидаларын, Шарттың талаптарын сақтауына мерзімді негізде бақылауды жүзеге асыруға;
- 7.2.15.** Шарт бойынша Төлемдер агрегаторының кез келген ақшалай міндеттемелері бойынша Банктің талаптарын қанағаттандыру үшін банктерге және/немесе Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға заңнамада белгіленген тәртіппен ұйымның шоттарынан оларды орындау үшін Ұйымның акцептін талап етпейтін ақшаны алып қою (есептен шығару) туралы төлем немесе өзге де құжаттарды ұсынуға міндетті.
- 7.2.16.** Төлемдер агрегаторының Шарт бойынша Төлемдер агрегаторының/ Коммерсанттың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз етуді ұсынуды талап етуге, оның ішінде, бірақ ақша түрінде шектелмей, Шарт бойынша Төлемдер агрегаторының ақшалай міндеттемелерін жабу үшін жеткілікті сомада, жекелеген ақша кепілі (кепілзат) шартында, не салымдағы Салым және ақша кепілі (ипотека) шарттарында, не азаймайтын қалдықпен ақша салымы шартында, немесе Банк пен Төлемдер агрегаторы арасында жасалған өзге қажетті келісім (-дер), Төлемдер агрегаторы Шарт бойынша тиісті міндеттемелерді орындамаған кезде осындай қамтамасыз ету есебінен Шарт бойынша Төлемдер агрегаторына қойылатын талаптарды қанағаттандыруға міндетті.
- 7.2.17.** Банкке төлем карточкаларының белгілі бір түрінің Интернет-эквайрингін тоқтату туралы талап келіп түскен жағдайда, тұтастай ХТЖ бойынша да, сондай-ақ Коммерсантқа қатысты да біржақты соттан тыс тәртіппен талап келіп түскен ХТЖ төлем карточкаларының тиісті түрінің Интернет-эквайрингінен бас тарту қажет. Бұл ретте Банк алған ХТЖ талабында көрсетілген күннен бастап Банктің осындай төлем

карточкаларын пайдалана отырып жасалатын болашақ операциялар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелері тоқтатылады. Банк Төлемдер агрегаторын осындай төлем карточкаларын пайдалана отырып жүзеге асырылатын операциялар бойынша есеп айырысуларды жүзеге асырудың тоқтатылғаны туралы хабарлайды;

7.2.18. Санкциялар салынған/ықпал еткен жағдайда, сонымен қаатр Төлемдер агрегаторы Санкциялардың салынғаны/ықпалы туралы Банкке хабарлау бойынша міндетін бұзған жағдайда, онымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, уақытша тоқтатуға, Шартта қарастырылған тәртіпте кез келген операцияны өткізуден бас тартуға;

7.2.19. Егер Шарт шегінде қандай да бір нұсқау немесе операция, Банктің қарауы бойынша, Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, өзін теріс салдарынан сақтау үшін осындай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға. Санкцияларды айналып өту деп санкциялық тауарларды жеткізу үшін делдалдық құрылымдарды құру, Санкцияларды бұзу арқылы төлемдерді жүргізу немесе қаржыландыруды алу және т.б. саналады.

7.2.20. Шарт бойынша қызмет көрсету үшін үшінші тұлғаларды тартуға;

7.2.21. Шартқа байланысты белгілі болған, Төлемдер агрегаторына және/немесе Коммерсантқа қатысты ақпаратты (келесі деректемелерді қоса алғанда: заңды/почта мекенжайын, телефон/факс нөмірін, электрондық поштаны/сайт мекенжайын, банк деректемелерін және т. б.) ХТЖ-не ұсынуға, Интернет арқылы және ХТЖ-ның басқа Интернет-ресурстарында тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеудің Карточкалық операцияларын жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алаяқтықтың алдын алу жөніндегі ХТЖ бағдарламаларында осы ақпаратты қолдану мақсатында;

7.2.22. Төлемдер агрегаторынан қызметтерге ақы төлеу процедурасының сипаттамасын Банкке ұсынуды, сондай-ақ Коммерсанттың Интернет-ресурсында орналастырылатын Қызметтерге төлем жасау және қайтару Карточкалық операцияларының күшін жою процедурасы мен мерзімдерін ұсынуды талап етуге;

7.2.23. Төлем агрегаторының Шарт талаптарын орындауы үшін қажетті, Төлемдер агрегаторын және/немесе Коммерсантты ХТЖ-не тіркеуді/сертификаттауды жүргізуге (ХТЖ-нің тиісті талабы болған кезде). Егер тіркеу кезінде ХТЖ осындай тіркеу үшін комиссия алса, мұндай тіркеу құнын Төлемдер агрегаторы өтейді;

7.2.24. Төлемдер агрегаторынан Қызмет көрсету процесінде анықталған кемшіліктерді жоюды, оларды жою мерзімдерін анықтауды талап ету. Жою мерзімін Банк Төлемдер агрегаторымен келісе отырып айқындайды;

7.2.25. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда, сондай-ақ келесі жағдайларда Шартты орындаудан соттан тыс біржақты тәртіпте бас тартуға және оның қолданылуын тоқтатуға:

- 1) Тізбелерде Төлемдер агрегаторы/ Коммерсант туралы мәліметтер болса;
- 2) егер халықаралық ұйым немесе шет мемлекет ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар деп айқындаған елде тіркелген/жүрген тұлға операция/мәміле немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы болып табылса не осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;
- 3) Егер Төлемдер агрегаторы/Коммерсант жүргізетін операцияларды зерделеу процесінде операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және жаппай қырып-жоятын қаруды тарату мақсатында жасалады деген күдік болса;
- 4) Төлемдер агрегаторы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсаттары үшін құжаттар мен ақпарат беруден бас тартқан жағдайда;
- 5) Шартта белгіленген басқа да жағдайларда;

7.3. Төлемдер агрегаторы міндеттенеді:

7.3.1. Шарттың талаптарын, оның ішінде оған қосымшаларды орындауға. Төлемдер агрегаторы қызметінің заңды негіздерін растайтын Қазақстан Республикасының заңнамасында талап етілетін барлық құжаттарға ие болуға;

7.3.2. Төлемдер агрегаторы Карточкалық операцияларды өңдеу үшін қолданатын жабдықтың және бағдарламалық жасақтаманың сипаттізімі туралы ХТЖ-нің және Банктің талаптарын қатаң сақтауға;

7.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына/ ХТЖ ережелеріне сәйкес жосықсыз/төлемге қабілетсіз Коммерсанттармен, сондай-ақ қызметі айналымда тыйым салынған немесе шектелген тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді өткізумен байланысты Коммерсанттармен төлем қызметтерін көрсету шарттарын жасасу мүмкіндігін болдырмау мақсатында, Коммерсантпен шарт жасасқанға дейін және оның бүкіл қолданылу мерзімі ішінде өз күшімен және қаражатымен Коммерсантқа оқыту және толық тексеру жүргізуге міндеттенеді немесе алаяқтық операциялардың жоғары тәуекелдерін немесе өзге де жағдайлардың, олар заңсыз әрекеттерді жүзеге асыруға және/немесе зиян келтіру мүмкіндігін жоққа шығармайды. Толық тексеру деп Коммерсанттың құқықтық мәртебесін тексеру, қызметін Қазақстан Республикасы заңнамасының, ХТЖ ережелерінің талаптарын сақтау тұрғысынан тексеру, Коммерсантта өз қызметін жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында көзделген

барлық қажетті рұқсат беру құжаттарының болуы/болмауы, Коммерсанттың өзге де қажетті құжаттамасын Шартқа сәйкес нысанаға, бірақ онымен шектелмей тексеру түсініледі:

- 1) Қаржылық жауапкершілік (төлем қабілеттілігі);
- 2) Карточка ұстаушыларке, Банкке және/немесе ХТЖ-ға залалдар келтіруі мүмкін қандай да бір қызметке қатысу;
- 3) Төлемдер агрегаторы мен Банктің юрисдикциясы шегінде қызметті жүзеге асыру;
- 4) Коммерсанттың сауда нүктесінің орналасқан жері, қызметінің нақты нысаны туралы ақпаратты бұрмалау;
- 5) қаржылық тәуекелдер (сату көлемі, клиенттер тарапынан даулар тарихы, тауарларды жеткізу әдісі, шартты міндеттемелер және т. б. негізінде);
- 6) сенімсіз Коммерсанттары бар ХТЖ тізімдерінде және/немесе ХТЖ-ның, өзге де ұйымдардың басқа да осындай тізімдерінде болмаған жағдайларда;
- 7) Шарттың №2 Қосымшасында көзделген Банк талаптарына немесе Банк хатпен қосымша хабарлаған және/немесе ХТЖ талаптарына сәйкес келген жағдайларда жол беріледі;
- 8) Карточка ұстаушылардың деректеріне қол жеткізе алатын Коммерсанттар мен олардың сервис провайдерлерінің, қызметтерді жеткізушілердің PCI DSS стандартының талаптарына сәйкестігі;
- 9) ҚЖ/ТҚҚ туралы заңның талаптарына сәйкестігі;
- 10) қауіпсіздікті, заңдылықты, жүргізілетін операциялардың ХТЖ, банктің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге арналған тексерудің өзге де нысандары.

Төлемдер агрегаторы шарттар жасамауға және операциялар жүргізеуге, тексеру барысында қанағаттанарлықсыз нәтиже көрсеткен Коммерсанттармен арадағы шарттарын бұзуға міндеттенеді.

7.3.4. Шарттың №7 қосымшасындағы Регламентке сәйкес, Төлемдер агрегаторының Сервисінде Интернет-ресурсты тіркеуді (қосуды) жүргізу;

7.3.5. ХТЖ карточкаларымен төлемдерді қабылдауды қамтамасыз ету үшін әрбір Коммерсантпен шарт жасасу, онда төмендегілер болуы тиіс, бірақ мұнымен шектелмейді:

- 1) тәуекелді, тыйым салынған қызметке жататын қызмет түрлері, Қазақстан Республикасының заңнамасы, ХТЖ, Банк ережелері тарапынан қойылатын өзге де талаптар мен шектеулер және өзгелер;
- 2) Шарттың барлық қолданыс мерзімі ішінде оларды сәйкестендіру міндеттемелерінің арасында алшақтық болған жағдайда, Шарт талаптарына қарағанда Қазақстан Республикасы заңнамасының, ХТЖ, Банк қағидаларының талаптары мен шектеулері басымдыққа ие болып табылады;
- 3) Коммерсанттың Төлемдер агрегаторымен жасалған Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде қолданылатын құқықтың және/немесе ХТЖ, Банк ережелерінің талаптарын сақтау міндеті, Коммерсанттың Шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ, Банк ережелерінде белгіленген талаптарды бұзғаны үшін жауапкершілігі;
- 4) Коммерсанттың тәуекелдерді басқаруға, операцияларды өңдеуге, ХТЖ сауда белгілерін пайдалануға, пайдалануға міндетті немесе Коммерсант ерікті түрде (растайтын құжаттарды ұсыну мүмкіндігімен) қатысатын ХТЖ өнімдері мен кез келген басқа да өнімдері мен сервистерін қабылдауға қатысты PCI DSS және ХТЖ карточкалық деректерінің қауіпсіздік қағидаларына сәйкес болу міндеті;
- 5) Коммерсанттың өз қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін орындау кезіндегі іс-әрекеттері үшін жауапкершілігі;
- 6) Коммерсанттың заңнамаға, ХТЖ қағидаларына сәйкес тыйым салынған, Коммерсанттың мәліметтеріне сәйкес немесе ол туралы Коммерсантқа белгілі болуға тиіс тәуекелдік қызметке жататын қызмет түрлері бойынша заңсыз, алаяқтық немесе санкцияланбаған болып табылатын қандай да бір операцияны өңдеуге ұсынбау міндеті;
- 7) Төлемдер агрегаторының Коммерсантпен жасалған Шартты, оның ішінде ХТЖ ережелерін бұзу фактілері анықталған не Коммерсанттың алаяқтық белсенділігіне күдік келтірілген жағдайларды қоса алғанда, кез келген сәтте Банктің және/немесе ХТЖ талабы бойынша немесе Банктің, ХТЖ-нің қалауы бойынша өзге де кез келген себептер бойынша лимиттеу, тоқтата тұру немесе тоқтату құқығы;
- 8) Коммерсанттың Төлемдер агрегаторын Карточка ұстаушылардың деректеріне қол жеткізе алатын кез-келген қызметті жеткізушіні пайдаланғаны туралы, мекенжайлардағы, сауда атауларындағы өзгерістер, тауарлар/көрсетілетін қызметтер тізбесіндегі елеулі өзгерістер туралы хабардар ету және Төлемдер агрегаторы бұған Банктің келісімін алғаннан және осындай қызметті жеткізушінің алдында құпиялылық шарттары белгіленгеннен кейін ғана мұндай қол жеткізуге жол беру міндеті;
- 9) Коммерсанттың, Коммерсант қызметімен байланысты даулы жағдайларды/тергеулерді, жүргізілетін Карточкалық операцияларды қарау аяқталғанға дейін Банкпен/Төлемдер агрегаторымен/ХТЖ-мен/құқық қорғау органдарымен толық көлемде ынтымақтасу міндеттемесі;
- 10) бұрын дауланған және кейіннен Коммерсантқа қайтарылған операцияны өңдеуге тыйым салу;
- 11) Төлемдер агрегаторының, Коммерсанттың төлем карточкаларын қабылдау саясаты мен талаптарын бақылау және ХТЖ ережелеріне сәйкестігі мақсатында оларды өзгертуді талап ету құқығы;
- 12) Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған, ХТЖ, Банк қағидаларының талаптарын бұзушылықтар орын алған кездегі Төлемдер агрегаторының Шартты бұзу құқығы;
- 13) Коммерсанттың өзіне қатысты дербес деректерін және оған қатысты басқа да құпия ақпаратты Банктің жинауына және өңдеуіне, Банктің дербес деректерді трансшекаралық тапсыруына, Банктің дербес

деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратуына, оның ішінде Банк өз қарауы бойынша кез келген мақсаттарға сай қолдануына, Банктің қызмет көрсету мерзімі барысында өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісімін беруі. Банк анықтаған қажеттілік жағдайында Коммерсант/Төлемдер агрегаторы Банкке Коммерсанттың дербес деректер субъектілерінен жинаған дербес деректерді жинау және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке тапсыруға, Банктің дербес деректерді жинауға және өңдеуге, Банктің дербес деректерді трансшекаралық тапсыруына, Банктің дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратуына келісімдердің болуын құжат түрінде растайды, ал келісімдердің болуын құжат түрінде растау мүмкін болмаған жағдайда, осындай келісімдерді жинайды және кейін Банкке бұл келісімдерді алғанын растайды. Дербес деректерді жинау және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке тапсыруға, Банктің дербес деректерді жинауға және өңдеуге, Банктің дербес деректерді трансшекаралық тапсыруына, Банктің дербес деректерді жалпыға қолжетімді көздерде таратуына келісімдердің жоқ болуы үшін жауапкершілік Коммерсант/Төлемдер агрегаторы ға жүктеледі. Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шаралар қолданылған жағдайда, Коммерсант/Төлемдер агрегаторы Банктің талабы бойынша Банк көтерген кез келген шығындарын өтеуге міндеттенеді.

14) қауіпсіздікті, заңдылықты, ХТЖ, жүргізілетін операциялар Банкінің талаптарына сәйкестікті қамтамасыз етуге арналған өзге де шарттарды қамтиды.

7.3.6. Банктің талабы бойынша Коммерсанттармен жасалған шарттарды және/немесе Банк, Төлемдер агрегаторы, Комменсарт арасындағы іскерлік қатынастарға қатысты кез келген басқа да құжаттар мен ақпаратты уақытында жаңартуға және ұсынуға;

7.3.7. Банктің бірінші жазбаша талабы бойынша (қағаз тасығышта немесе Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген Банктің электрондық мекенжайына электронды түрде) тауарды/жұмыстарды/қызметтерді өткізуді растайтын құжаттарды Банкке Шартта белгіленген мерзімде ұсынуға;

7.3.8. Шарттың №5 Қосымшасына сәйкес Тқлем агрегаторының Сервисі арқылы операциялар жүргізгенге дейін, Төлемдер агрегаторының Сервистеріне қосылған Коммерсанттар бойынша ақпарат ұсынуға (бұл ретте ақпаратты электронды форматта ұсынуға рұқсат етіледі);

7.3.9. Банк және/немесе ХТЖ талаптарына сәйкес болу мақсатында Коммерсанттардың белсенділігін тұрақты негізде (күн сайын) қадағалауға;

7.3.10. ХТЖ ережелері мен талаптарына сәйкес басқа төлем агрегаторлары, маркетплейстер, DWO немесе басқа да осыған ұқсас ұйымдар үшін демеуші болмауға (шарттар жасамауға); сондай-ақ Банктің юрисдикциясынан тыс орналасқан бейрезидент коммерсанттар үшін демеуші болмауға (шарттар жасамауға);

7.3.11. High-Brand Risk санатына жататын кез келген Коммерсанттармен тек Банктің келісімі болған жағдайда ғана шарттар жасауға; High-Brand risk Коммерсанттарға Шарттың №2 Қосымшасында және ХТЖ қағидаларына көрсетілген MCC-код (Merchant Category Codes) бойынша жіктелген Коммерсанттар жатады;

7.3.12. егер Банк/Ұйым/ХТЖ мұндай Коммерсанттың қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ ережелеріне сәйкес тыйым салынған немесе шектелген немесе авторлық құқықтарды бұза отырып және (немесе) тауар белгілерін олардың құқық иеленушісінің рұқсатынсыз пайдалана отырып сататын, Карточкалық операциялардың заңдылығына күдік туғызатын жағдайларда, ХТЖ тауар белгілерінің (қызмет көрсету белгілерінің) беделін түсіретін тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді өткізумен байланысты екені анықталған немесе белгілі болған жағдайларда, Коммерсант Сервисінен дереу, сондай-ақ басқа жағдайларда Банктің/ХТЖ талабы бойынша Сервисінен дереу ажыратуға құқылы. Төлемдер агрегаторы, осындай Коммерсанттарды Банктің және/немесе ХТЖ арнайы тізімдеріне енгізу және Банктің/ХТЖ қалауы бойынша өзге де іс-шаралар жүргізу үшін, Шарттың осы тармағына сәйкес Төлемдер агрегаторының Сервисінен ажыратылған барлық Коммерсанттар туралы дереу хабарлауға міндеттенеді;

7.3.13. Коммерсанттарға ХТЖ ережелеріне сәйкес олардың қызмет түріне сәйкес келетін нақты орналасқан жері (сауда нүктесінің орналасқан жері бұрмаланбауы тиіс) мен ХТЖ беруге. Коммерсанттар қызметінің түріне сәйкес келмейтін MCC беруге тыйым салынады;

7.3.14. Банк пен ХТЖ талаптарына сәйкес рәсімделетін Карточкалық операцияларды дұрыс баптауды жүзеге асыруға, оның ішінде әрбір Коммерсант үшін бірегей идентификатор тағайындауға. Төлемдер агрегаторының ХТЖ тағайындаған идентификаторының және Коммерсанттың әрбір процедуралық операциясының мазмұны үшін параметрлерді келесідей жүзеге асыруға:

1) Авторизация туралы сұраныста Төлемдер агрегаторының және Коммерсанттың идентификаторлары болуға тиіс;

2) клирингтік сұраныста тек Төлемдер агрегаторының идентификаторы болуы керек;

7.3.15. жыл сайынғы сату көлемі келесі көрсеткіштерден асатын Коммерсанттармен шарттар жасаспауға:

1) Visa ХТЖ бойынша 1 000 000 (бір миллион) АҚШ долларынан асатын;

2) Mastercard ХТЖ бойынша 10 000 000 (он миллион) АҚШ долларынан асатын.

Банк, айналымы операциялардың жыл сайынғы көлемінен асатын Коммерсантпен жұмысты одан әрі жалғастыру туралы шешім қабылдау үшін және Коммерсанттың бизнес-моделі туралы неғұрлым егжей-тегжей мәліметтер алу үшін, Төлемдер агрегаторына тиісті талап қоюға бастамашылық жасайды.

7.3.16. тауарларды/ жұмыстарды/қызметтерді сатқанға дейін және кейін сатып алушыларға өздігінен немесе Коммерсанттар арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ұсынылатын барлық тілдерде қолдау көрсетуге, клиенттермен жұмыс жөніндегі қызметтің байланыс ақпаратын немесе сауда кеңсесінің байланыс ақпаратын өз веб-сайтында және/немесе өз өтінімінде нақты көрсетуге;

7.3.17. 3D-Secure хаттамасын пайдалана отырып, төлемдерді қабылдауды жүзеге асыруға, Коммерсанттың бизнес-моделі Карточка бойынша бастапқы Авторизацияны 3D-Secure арқылы, ал соңғыларын 3D-secure қолданбай жүзеге асыруды көздеген жағдайларды қоспағанда;

7.3.18. Шарттың №1 Қосымшасында көрсетілген заңды Карточка ұстаушылар ұсынған барлық жарамды ХТЖ Карточкаларын Төлемдер агрегаторының Сервисі арқылы төлемге қабылдауды қамтамасыз етуге;

7.3.19. Сервис сайтында Карточка ұстаушылар бастамашылық жасаған Авторизациялық сұрау салуларға тәулік бойы қызмет көрсетуді және Банктің Карточкалық жүйесіне бағыттауды, сондай-ақ Авторизациялық сұрау салуларға берілген ХТЖ Карточкалары бойынша жауаптарды, олардың мазмұнын өзгертпей, Карточкалық жүйеден Сервис пен Интернет-ресурстың сайтына бағыттауды қамтамасыз етуге;

7.3.20. Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін мән-жайлар туындаған кезде, Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген нақты немесе электронды мекенжай бойынша Банкке осы жұмыстардың басталғаны туралы дереу хабарлай отырып, аталған мән-жайлар туындаған сәттен бастап 8 (сегіз) жұмыс сағатынан аспайтын мерзімде проблемаларды жою шараларын қабылдауға; Осы тармақта көрсетілген мән-жайларды жою мүмкін болмаған жағдайда, Төлемдер агрегаторы мән-жайларды жоюдың мүмкін еместігінің себебін көрсете отырып, осы факт туралы Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген нақты немесе электронды мекенжай бойынша Банкке дереу хабарлайды. Төлемдер агрегаторының Банкті хабардар етуі, Төлемдер агрегаторын Шартты тиісінше орындау жөніндегі міндеттемелерінен, сондай-ақ, Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатпайды;

7.3.21. Интернет желісінен сырттан рұқсатсыз кіру, сондай-ақ Төлемдер агрегаторы қызметкерлерінің құпия ақпаратқа ішкі қол жеткізу мүмкіндігімен байланысты Карточка ұстаушылардың құпия деректерінің жария етілуін болдырмау мақсатында өз ұйымының желілік инфрақұрылымының сенімді қорғалуын қамтамасыз етуге;

7.3.22. Карточкалық операцияларды жасау кезінде, Шартқа және Техникалық сипаттізімге сәйкес Банк ұсынған бірегей терминал Кодтарын пайдалануға;

7.3.23. Коммерсанттармен жасалған Шарттарды, Коммерсанттардың өтініштерін, олармен алмастылған хаттарды, Коммерсантты тексеру және бағалау бойынша құжаттарды, Карточкалық операция туралы ақпаратты, Карточка Ұстаушының төлем жасағанын және тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді алғанын растайтын құжаттарды, Коммерсантпен арадағы іскерлік қатынастарға қатысы бар кез келген басқа құжаттарды, Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын ескере отырып, 5 (бес) жыл бойы сақтауға;

7.3.24. Жеке кабинетке кіруден өз логинін/паролін құпия сақтауға, жария етпеуге/үшінші тұлғаларға бермеуге және олардың сақталуын қамтамасыз ету, олардың жоғалуын, ашылуын, көшірілуін және рұқсатсыз пайдаланылуын болдырмау үшін барлық ықтимал шараларды қолдануға. Жеке кабинетке кірудің логин/пароль жоғалған/жария етілген/үшінші тұлғаларға берілген жағдайда бұл туралы Банкке дереу хабарлауға және Жеке кабинеттің логин/паролін ауыстыруды қамтамасыз етуге;

7.3.25. Карточканы ұстаушылар және Төлем карточкаларының деректемелері туралы ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету бойынша ХТЖ және PCI DSS стандарты талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге, ол үшін Авторизация туралы сұрау салудың өтуінің және кейіннен өңделуінің және Карточканы ұстаушы және Төлем карточкасының деректемелері туралы толық деректер Коммерсантқа/үшінші тұлғаларға қолжетімсіз болатын операциялар туралы деректерді сақтаудың осындай тетігін қамтамасыз етуге. Төлем карточкасының нөмірін Коммерсантқа тек қысқартылған түрде беруге жол беріледі, бұл ретте төлем карточкасы нөмірінің алғашқы алты және соңғы төрт санын ғана ашық түрде беруге рұқсат етіледі. Карточка ұстаушының толық деректерімен жұмыс істеу және оларды сақтау құқығы Коммерсантқа PCI DSS стандарты ұсынған соңғы талаптарға сәйкес келген жағдайда ғана берілуі мүмкін, бұл PCI DSS стандартының тиісті сертификаттарымен расталады. Бұл құқық Банктің Коммерсантпен осындай жұмыс нұсқасына жазбаша келісімімен ғана берілуі мүмкін;

7.3.26. ақпаратты қорғау жөніндегі бағдарламалардың талаптарын ескере отырып жүргізілген PCI DSS стандартының талаптарына сәйкестік туралы жаңартылған сертификатты (AoC - Attestation of Compliance) жыл сайынғы негізде ұсынуға;

7.3.27. тоқсан сайын PCI DSS стандарттарының талаптарына сәйкестікке жасалатын ASV-сканерлеудің нәтижелерін ұсынуға;

7.3.28. ХТЖ-да Төлемдер агрегаторын тіркеу/сертификаттау рәсімі үшін **Төлемдер агрегаторын** банктік шотында ақшаның болуын қамтамасыз етуге және/немесе егер олар туындаған болса, Банктің шығындарын өтеуге;

7.3.29. оған Шартты орындау салдарынан белгілі болған Карточка ұстаушы туралы ақпаратты тасымалдамауға және жария етпеуге;

7.3.30. егер Банк Аударым жасау кезінде Қайтару карточкалық операциясының сомасын есепке алмаған жағдайда және/немесе Аударылатын сомадан Төлемдер агрегаторының Банк алдында туындаған кез келген берешек сомасын ұстап қалмаған жағдайда, Шартта көзделген негіздер бойынша Банк Төлемдер

агрегаторына Қайтару карточкалық операцияның және/ немесе тиісті берешектің тиісті сомасын төлеу туралы хабарлама жібереді. Төлемдер агрегаторы көрсетілген хабарламаны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, хабарламада көрсетілген деректемелер бойынша хабарламада көрсетілген соманы Банкке аударуға міндеттенеді. Тараптар, Банктің жазбаша хабарлама жіберуі - Аударым сомасын азайту үшін немесе Төлем агрегатордың Банкке қайтару операциясының сомасын және/немесе берешек сомасын аудару үшін жеткілікті негіз болып табылатынын мойындайды. Егер сома шетел валютасында мәлімделсе, онда төлем төлеу/ұстап қалу сомасы операция жасалу күніндегі Банктің бағамы бойынша теңгемен жүзеге асырылады.

7.3.31. операциялар бойынша ақпаратты өңдеу және беру не көрсетілген ақпаратты рұқсатсыз ашу немесе оған үшінші тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізу бөлігінде Сервис қауіпсіздігіне төнетін қатерлер туралы, Төлемдер агрегаторына белгілі болған, Карточкалық жүйе арқылы орын алған, осы Карточка деректерінің жария етілуінің барлық факті туралы Банкке дереу хабарлауға;

7.3.32. залал келтіру мүмкіндігін болдырмау мақсатында Банкке уәкілетті мемлекеттік органдардың Төлемдер агрегаторына қатысты шектеу сипатындағы келесі шешімдерді/іс-қимылдарды қабылдағаны туралы дереу жазбаша хабарлар етуге:

- 1) Төлемдер агрегаторын мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- 2) Төлемдер агрегаторының кез келген банктік шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;
- 3) Төлемдер агрегаторының ақшасына және/немесе өзге де мүлкіне тыйым салу;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де шешімдер қабылдау немесе әрекеттер жасау.

7.3.33. Банкке Төлемдер агрегаторының орналасқан жерінің, заңды мекенжайының, Шарттың 14-бөлімінде көрсетілген банк деректемелерінің, құрылтай құжаттарының және Банкке ұсынылған басқа да мәліметтердің өзгерістері туралы, осы өзгерістер болған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, жазбаша хабарлауға;

7.3.34. Төлемдер агрегаторымен төлем қызметтерін көрсетудің тиісті шарттарын жасасқан Коммерсанттарды, олар карточкалардың деректемелерін пайдалана отырып, Интернет арқылы Тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеу операцияларын жүргізулері үшін, Төлемдер агрегаторының сервисіне өз бетінше және өз есебінен қосуды қамтамасыз етпеу, Банктің Карточкалық жүйесіне қол жеткізу үшін қажетті байланыс арналары мен бағдарламалық жасақтаманың болуын қамтамасыз етуге;

7.3.35. рұқсатсыз қол жеткізуден ақпаратты қорғауды қамтамасыз етуге;

7.3.36. Өзінің ішкі нұсқаулықтарына сәйкес, Коммерсантты сенімділікке тексеруді жүзеге асыруға (осы тармақшада сөз болып отырған «сенімділікке тексеру» дегеніміз - Коммерсанттың Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және/немесе тіркелген заңды тұлға және/немесе жеке кәсіпкер екендігін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен ХТЖ ережелерімен оның қызметтеріне тыйым салынбағанын, сондай-ақ өз қызметін жүзеге асыру үшін Коммерсанттың Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық қажетті лицензиялары мен рұқсаты бар екенін тексеру деп түсініледі т. б.), сондай-ақ Шартқа сәйкес қажетті құрылтай және өзге де құжаттаманы сұратуға;

7.3.37. операцияларды авторизациялаудың нәтижелері бар электрондық хабарламаларды Карточкалық жүйеден Төлемдер агрегаторының Сервисіне қабылдануын және осы нәтижелерді Коммерсанттарға берілуін қамтамасыз етуге;

7.3.38. Шарт талаптарын уақтылы және толық көлемде орындауға;

7.3.39. Банктің өтініші бойынша, Фродтың, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың алдын алу, Төлемдер агрегаторы/Коммерсант жүргізетін операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, ХТЖ ережелеріне, Шартқа сәйкестігін тексеру мақсатында қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

7.3.40. келесі жағдайларда операцияны жүргізуді тоқтата тұру және/немесе одан бас тарту:

- 1) Егер осы операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы (тараптары):
 - а) ҚЖ/ТҚҚ туралы Заңға сәйкес тізбелерге енгізілген ұйым немесе тұлға болып табылса;
 - б) ұйымдардың немесе Тізбелерге енгізілген тұлғаның тікелей немесе жанама меншігіндегі немесе бақылауындағы заңды тұлға, ұйымдардың немесе Тізбелерге енгізілген тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға болса;
 - в) халықаралық ұйым немесе шет мемлекет айқындаған ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар елде тіркелген/жүрген тұлға не егер осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;
- 2) егер Коммерсант жасайтын операцияларды зерделеу процесінде операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік болса;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында, оның ішінде ҚЖ/ТҚҚ Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген тәртіпте;
- 4) ақпараттың болуы (күдікті белсенділік, санкцияланбаған операциялар, алаяқтық (оларды жүргізу мүмкіндігіне күдік), не Коммерсанттың Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа, ХТЖ ережелеріне қайшы келетін өзге де іс-әрекеттері туралы, сондай-ақ егер операцияны тоқтата тұру және/немесе оны жүргізуден бас тарту Банктің қалауы бойынша, ХТЖ сұрауы бойынша өзге жағдайларда

талап етілсе. Төлемдер агрегаторы Банкке операцияны жүргізуді тоқтата тұру/одан бас тарту туралы осындай тоқтата тұру/бас тарту күні дереу хабарлауға міндетті;

7.3.41. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және жағдайларда, сондай-ақ келесі жағдайларда Шартты орындаудан соттан тыс біржақты тәртіпте бас тартуға және оның қолданылуын тоқтатуға:

- 1) Тізбелерде Коммерсант туралы мәліметтер болса;
- 2) егер халықаралық ұйым немесе шет мемлекет ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың елеулі тәуекелдері бар деп айқындаған елде тіркелген/жүрген тұлға операция/мәміле немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы болып табылса не осы операцияны/мәмілені орындауға осындай тұлға қатысса;
- 3) егер Коммерсант жүргізетін операцияларды зерделеу процесінде операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және жаппай қырып-жоятын қаруды тарату мақсатында жасалады деген күдік болса;
- 4) Коммерсант қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсаттары үшін құжаттар мен ақпарат беруден бас тартқан жағдайда;
- 5) Шартта белгіленген басқа да жағдайларда;

7.3.42. КЖ/ТҚҚ Заңында көзделген нормаларды орындамағаны үшін осы Шарт шеңберінде жауапкершілік алуға;

7.3.43. КЖ/ТҚҚ туралы Заңның талаптарын уақтылы және толық көлемде орындауға, оның ішінде Коммерсанттарды (олардың өкілдерін), бенефициарлық меншік иелерін тиісті тексеру бөлігінде және КЖ/ТҚҚ туралы Заңда айқындалған жағдайларда операциялар жүргізуден және іскерлік қатынастар орнатудан бас тартуға, қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы ақпаратты анықтауға және уәкілетті органға жолдауға (оның ішінде олар жүргізілгенге дейін);

7.3.44. Банктің, уәкілетті органның сұрау салуы бойынша, Коммерсант (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі туралы ақпаратты/құжаттарды Банкке ұсынуға, растайтын құжаттардың көшірмелерін қоса алғанда;

7.3.45 Коммерсантты (оның өкілін), бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру бағдарламасын, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бөлігінде, өзге де нормаларды қамтитын ішкі құжаттарды әзірлеуге және өзекті жағдайда ұстауға;

7.3.46. КЖ/ТҚҚ туралы заң талаптарын сақтау және іске асыру үшін жауапты, мемлекеттік тестілеу орталығында тестілеуден өткен және оқыту туралы сертификаты бар қызметкерді тағайындауға;

7.3.47. Төлемдер агрегаторының бағдарламалық жасақтамасының/Сервисінің ақаулары/тоқтап қалуы туралы Банкке дереу хабарлауға;

7.3.48. өз есебінен, ХТЖ талаптарына сәйкес, ХТЖ белгілеген және Банктің хабарламасында көрсетілген мерзімде, Төлемдер агрегаторының Сервисіне, бағдарламалық жасақтамасына пысықтау жүргізуге. Егер пысықтауды жүзеге асыру үшін Банктің хабарламасына сәйкес ХТЖ белгіленгеннен көп уақыт талап етілсе, Төлемдер агрегаторы Банкке дәлелді негіздеме ұсынады және тиісті пысықтауды жүзеге асыру үшін Төлемдер агрегаторына талап етілетін мерзімді көрсетеді;

7.3.49. Төлемдер агрегаторының Сервисінде жүргізілетін жоспарлы жұмыстар/пысықтаулар туралы жұмыс басталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын Банкке хабарлауға;

7.3.50. Шарт шеңберінде пайдаланылатын Төлемдер агрегаторының бағдарламалық жасақтамасын/Сервисін әзірлеу/пысықтау кезінде ақпараттық қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге;

7.3.51. күнделікті операциялардың есебін жүргізуге; Банк есепке алған және операциялар бойынша Төлемдер агрегаторына нақты тиесілі сомалар арасында алшақтық анықталған жағдайда, Төлемдер агрегаторы осындай алшақтық туралы Банкке операция жүргізілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндеттенеді;

7.3.52. ХТЖ-нен қабылданған диспуттық процестің (карточкалық операцияны даулау процесінің) барлық қолжетімді құралдарын/циклдерін, мысалы: retrieval request, chargeback, pre-arbitration, pre compliance, arbitration, compliance және басқаларды, ХТЖ-ның өздері де, олардың қатысушылары (эмитенттері) да Банктің атына жолданған факсимильді хабарламаларды, электрондық хаттарды, Сервис арқылы жасалған операцияларды, операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және ХТЖ қағидаларына сәйкес рұқсат етілмеген, заңсыз, Фрод, өзге де жарамсыз екенін көрсете отырып, растаушы құжат ретінде тануға;

7.3.53. Банктің ХТЖ/мемлекеттік органдарға дұрыс орындалмаған карточкалық операциялардың сомаларын, айыппұлдарды, басқа да шегерімдерді және Төлемдер агрегаторының және/немесе Коммерсанттың қызметімен байланысты немесе негізделген кез келген басқа залалды өтеуге байланысты Банкке келтірілген залалдың толық өтелуін қамтамасыз етуге.

7.3.54. Шарттың қолданылу мерзімі тоқтатылған күннен бастап 540 (бес жүз қырық) күнгізібелік күн ішінде Банктің сұрау салуы бойынша құжаттарды/ақпаратты ұсынуға және Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың Шарт ережелерін, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың немесе ХТЖ ережелінің талаптарын бұзуына

байланысты тиісті ХТЖ және/немесе Эмитенттердің және/немесе Карточка ұстаушылардың талаптары бойынша Банк шоттарынан есептен шығарылатын барлық ақшаны, ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот/құқық қорғау органдары және/немесе өзге де уәкілетті органдар тарапынан Банкке салынған айыппұл, алымдар мен тұрақсыздық айыбының құжатпен расталған сомаларын, Банк осындай төлем туралы талап жібергеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде дереу Банкке төлеуге;

7.3.55. Карточка ұстаушы мәлімделген сипаттамаларға немесе сипаттауға сәйкес келмейтін сапасыз және/немесе толық емес тауарды/жұмысты/көрсетілетін қызметті алудан бас тартқан жағдайда немесе тауар/жұмыс/көрсетілетін қызмет белгіленген мерзімде ұсынылмаса, қайтару рәсіміне Банкті тартпастан, Карточка ұстаушының қайтарылған тауар/ жұмыс / қызмет үшін төленген ақшаны қайтару туралы шағымын өз бетінше (Коммерсантты тарта отырып) шешуге, егер Тараптардың келісінде өзгеше белгіленбесе;

7.3.56. Банктің талаптарына сәйкес Банкке Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың міндеттемелерін орындауды, соның ішінде ақша түрінде, Төлемдер агрегаторының Шарт бойынша міндеттемелерін өтеуге жеткілікті сомада, жеке Қамтамасыз ету шартында белгіленген нақты талаптарда қамтамасыз етуге және Төлемдер агрегаторы Шарт бойынша тиісті міндеттемелерді орындамаған жағдайда, осындай қамтамасыз ету есебінен Шарт бойынша Төлемдер агрегаторы ға қойылатын талаптарды орындауға;

7.3.57. осы Шарт бекітілгеннен кейін _____ (_____) Жұмыс күні ішінде Банкке Төлемдер агрегаторы мен Банк және/немесе Қазақстан Республикасының аумағында да, шетелде де банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын және Төлемдер агрегаторының банктік шотына (-тарына) қызмет көрсететін ұйымның арасында Шарт жасалғаны туралы растаманы ұсынуға, оған сәйкес Төлемдер агрегаторы Банкке Шарт шеңберінде Төлемдер агрегаторының ақшалай міндеттемелері бойынша Банктің төлем талаптары негізінде Төлем агрегаторының банктік шотынан оның қосымша келісімінсіз ақша алу құқығын береді;

7.3.58. ақпараттық қауіпсіздік талаптарын сақтауға, сонымен қатар Банктің ақпараттық активтерінің сақталуы мен құпиялылығын қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдауға, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздіктің бұзылуы, сондай-ақ Банктің ақпараттық жүйелері жұмысындағы іркілістер және Төлемдер агрегаторының және/немесе үшінші тұлғалардың араласуынан болған олардың қауіпсіздігін бұзу салдарынан туындаған Банкке келтірілген залалды Шартта белгіленген тәртіпте өтеуге;

7.3.59. егер қандай да бір сәтте, Шарттың қолданылу мерзімі барысында оған Санкциялардың салынуы/ықпал етуі туралы мәлім болса, жоғарыда көрсетілген тармаққа сәйкес, бұл туралы Банкті дереу, бірақ ол туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күннен аспайтын мерзімде хабардар етуге. Санкцияның салынуы/ықпал етуі кезінде, сондай-ақ Төлемдер агрегаторы Санкция салу/оның ықпал етуі туралы Банкті хабардар ету жөніндегі міндеттемені бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, Шартта көзделген тәртіппен кез келген операцияны жүргізуді тоқтата тұруға, одан бас тартуға құқылы;

7.3.60. санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқаулар бермеуге немесе операциялар жасамауға. Егер Шарт шеңберіндегі қандай да бір нұсқау не операция, Банктің қарастыруы бойынша Санкцияларды айналып өтуге бағытталған деп танылса, онда Банк өзі үшін қандай да бір қолайсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жасаудан бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту деп акциялық тауарларды жеткізу үшін делдалдық құрылымдар құру, төлемдер жүргізу не санкцияны бұза отырып қаржыландыруды алу және т. б. түсініледі;

7.3.61. Шарттың басқа талаптарын орындауға, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, ХТЖ қағидаларын сақтауға.

7.4.Төлемдер агрегаторы құқылы:

7.4.1. Банктен міндеттемелерін тиісінше орындауды талап етуге;

7.4.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктен Карточкаларды қолдану арқылы тауарлар/жұмыстар/қызметтер ақысын төлеу бойынша жүргізілген операцияларға қатысты ақпаратты немесе Интернет-эквайрингі арқылы деректемелерді сұратуға. Ақпаратты Банк Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында белгіленген талаптар мен шектеулерді ескере отырып ұсынады;

7.4.3. Шартты бұзуға, бұл ретте Шартты бұзудың болжамды күнінен 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банкке хабарлауға;

7.4.4. Шартқа сәйкес өзгертілген комиссиялардың мөлшерімен келіспеген жағдайда, Шартқа сәйкес Шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жіберу арқылы шартты біржақты тәртіпте бұзуға;

7.4.5. Карточкалық операцияларды жүргізу тәртібі мен Шарт бойынша есеп айырысуларға қатысты Банктен ақпараттар және түсініктемелер сұратуға және алуға;

7.4.6. Банктен келісім бойынша, Төлемдер агрегаторының сервисін оңтайландыру және қолдау мақсатында, заңнамада рұқсат етілген жағдайларда, бұл ретте олардың өз әрекеттері/әрекетсіздігі үшін жауапты бола отырып, үшінші тұлғаларды Шартты орындауға тартуға. Коммерсанттарды тиісті тексерумен байланысты процестерге үшінші тұлғаларды тартуға жол берілмейді;

7.4.7. Карточка жүйесін пысықтауды және өзге де жақсартуларды ұсынуға.

8. ҚҰПИЯ АҚПАРАТ

- 8.1.** Тараптар келіссөздер жүргізу, Шарт бекіту және орындау барысында екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың құпия мәліметтерін, сонымен қатар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын, дербес деректерді құрайтын ақпаратты жарияламауға міндеттенеді (Шарттың мәтіні бойынша - «Құпия ақпарат»).
- 8.2.** Егер Тарап Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жария еткісі келсе, онда ол бұл туралы мұндай құпия ақпараттың иесі болатын екінші Тарапты хабардар етіп, Құпия ақпаратты жария етуге алдын ала жазбаша келісін алуы тиіс, сондай-ақ үшінші тұлғадан оған берілген Құпия ақпаратты жария етпеу талаптарын орындау туралы жазбаша міндеттемені алуы тиіс, сондай-ақ үшінші тұлғаларға қатысты Республикасының заңнамасымен қорғалатын, дербес деректерден құралатын ақпарат бойынша Шарттың 8.6-т. талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді.
- 8.3.** Тараптар Шарттың осы бабының 8.2. тармағын сақтамай, Құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауға міндеттенеді, бұған Банктің мұндай ақпаратты контрагенттеріне ашу жағдайлары қосылмайды, бұл ретте осындай тұлғалармен мәні контрагенттердің құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламау туралы міндеттемелерін қабылдауы болып табылатын келісімдер жасасуы керек (үшінші тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын, дербес деректерден құралатын ақпарат бойынша, Шарттың 8.6-т. талаптары орындалса), сондай-ақ мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдардың сұраныстары негізінде жүзеге асырылатын жағдайларда.
- 8.4.** Тараптардың қызметкерлері бір-бірінің Құпия ақпаратымен тек Шарттың мақсаттарына жету үшін қажет деңгейде таныс болуы керек.
- 8.5.** Құпиялылық туралы талаптар мерзімсіз сақталады.
- 8.6.** Төлемдер агрегаторы Шартқа қол қою арқылы, Банкке Төлемдер агрегаторына қатысты дербес деректерді және басқа құпия ақпаратты өңдеуге, оның ішінде Банк өз қалауы бойынша қажет деп санайтын кез келген мақсатта пайдалануға өзінің сөзсіз және қайтарымсыз келісін береді. Тараптардың Тараптарға мәлім болған үшінші тұлғалар туралы, осындай тұлғалардың дербес деректері болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қорғалатын, құпияны құрайтын ақпаратты кез келген түрде ұсынуы Тарап үшінші тұлғалардан осындай ақпаратты беру туралы (өңдеу үшін, оның ішінде тиісті мақсаттарда пайдалану үшін) тиісті келісімдерді алғаннан кейін ғана және осындай келісімде көрсетілген көлемде жүзеге асырылады. Банк анықтаған қажеттілік болған жағдайда, Төлемдер агрегаторы Банкке дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаларға, сонымен қатар Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне Төлемдер агрегаторының дербес деректер субъектілерінен жинаған келісімдерінің бар екендігі туралы құжаттамалық растаманы ұсынады, егер келісімдердің бар екендігін құжатпен растау мүмкін болмаса, мұндай келісімдерді жинайды, содан кейін Банкке оларды алғанын растайды. Дербес деректерді жинау және өңдеу, үшінші тұлғаларға, сонымен қатар Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмағаны үшін жауапкершілік Ұйымға жүктеледі. Егер Банкке Қазақстан Республикасының дербес деректер туралы заңнамасын бұзғаны үшін қандай да бір шаралар қолданылса, Төлемдер агрегаторы Банктің талап етуі бойынша Банкке келтірілген кез келген шығын мен залалды Банкке өтеуге міндеттенеді.
- 8.7.** Банк Төлемдер агрегаторының қосымша келісімінсіз, Төлемдер агрегаторының атауын (заңды және сауда) /сауда маркасын/логотипін, сондай-ақ клиенттермен хабарласуға арналған байланыс деректерін (телефон нөмірлері, мекенжайлары, сонымен қатар веб-сайттардың адресі) өзінің кез келген жарияланымында және жарнамалық материалдарында пайдалануға құқылы, егер мұндай қолдану Банктің пікірі бойынша орынды болса. Шартқа қол қоя отырып, Төлемдер агрегаторы және оның атынан әрекет ететін уәкілетті тұлғалары Банкке оның кез келген жарияланымдары мен жарнамалық материалдарында Төлемдер агрегаторының атауын/сауда белгісін/логотипін/байланыс деректерін пайдалануға жазбаша түрде ресми келісін береді.
- 8.8.** Төлемдер агрегаторы осы арқылы Банктің құпия ақпараттарды (келесі деректемелерді қоса алғанда: Төлемдер агрегаторының атауын, БСН, Коммерсанттың сауда атауын, заңды/пошталық мекенжайын, телефон/факс нөмірін, электрондық поштасын/сайт мекенжайын, Коммерсанттың/Төлемдер агрегаторының Интернет желісіндегі бірегей мекенжайын (URL), банктік деректемелерін және т. б.) өзінің келісін береді т. б.) келесі үшінші тұлғаларға беруіне өз келісін береді: MPS, TOO «One Technologies», UAB eComSecomcharge, Apple дистрибьюторы халықаралық, Google Ireland Limited, Samsung Electronix Co., Лтд. және бағдарламалық жасақтамалардың, мобильді төлем қосымшаларының (Apple Pay, Samsung Pay, google pay және басқалардың) иелері болып табылатын өзге де тұлғаларға, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарына, соттарға, құқық қорғау органдарына, олардың сұрау салулары бойынша және заңнамада айқындалған көлем мен шекте ғана, Төлем агрегаторы Банк алдындағы міндеттемелерді бұзған жағдайда, не Төлемдер агрегаторы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын бұзған жағдайда, не осы ақпаратты Карточкалық операцияларды жүргізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету және алаяқтықтың алдын алу жөніндегі ХЖТ бағдарламаларында және ХТЖ-нің өзге де бағдарламаларында пайдалану мақсатында, сондай-ақ, наразылық білдірілген Карточкалық операциялар бойынша дауларды реттеу үшін Карточка

ұстаушылардың тапсырмасы бойынша Карточкалық операциялар жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін тәулік бойы ақпараттық-технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету мақсатында.

9. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

9.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Шарттың талаптарына сәйкес, ал онымен реттелмеген жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауап береді.

9.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған тарап бұл бұзушылықтарды дереу жоюы тиіс.

9.3. Үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамаға, жүйелерге/қашықтан кіру жүйелеріне рұқсатсыз кіруі салдарынан туындаған, Тарапқа келтірілген залал үшін жауапкершілік кінәлі тұлғаға жүктеледі.

9.4. Тұрақсыздық айыбының сомасын төлеу Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

9.5. Төлемдер агрегаторы Банкке келтірген залалы үшін, Шартта белгіленген тұрақсыздық айыбы сомасынан асатын соманы Төлемдер агрегаторы өтейтін толық көлемде жауап береді;

9.6. Төлемдер агрегаторы Шартта көзделген міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Төлемдер агрегаторы Банкке соңғысының талап етуі бойынша Банк мәлімдеген әрбір бұзушылық фактісі үшін 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл төлейді, егер Шартта нақты бұзушылық бойынша тұрақсыздық айыбы бөлек белгіленбесе. Банк Шарт бойынша есеп айырысуларды наразылық реттелгенге дейін тоқтатуға құқылы. Банк Шартта белгіленген тәртіпке залалды өтеу және тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша талаптарды қанағаттандыруға құқылы.

9.7. Төлемдер агрегаторы мыналарға жауапты:

9.7.1. Шарттың 8-бөлімінің талаптарын бұзуға әкеп соқтырған әрекеттер үшін;

9.7.2. Шарт ережелерінің бұзылуына, Банктің іскерлік беделінің жоғалуына немесе бұзылуына немесе Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында, ХТЖ қағидаларында қарастырылған жауапкершілікке тартылуына әкеп соқтырған өз қызметкерлерінің/контрагенттерінің, сондай-ақ Коммерсанттың қызметкерлерінің/контрагенттерінің әрекеті/әрекетсіздігі үшін, оның ішінде Төлемдер агрегаторының және/немесе Коммерсанттардың қызметі салдарынан туындап, ХТЖ тарапынан Банкке салынған барлық өндіріп алулар/айыппұлдар үшін, Банкке әрбір бұзушылық үшін 100 (жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл төлеумен;

9.7.3. Шартқа сәйкес құжаттарды, ақпаратты беру мерзімдерін бұзғаны үшін;

9.7.4. Карточка ұстаушыларының даулары және Коммерсанттардың қызметінен туындайтын Карточка ұстаушыларына қызмет көрсетуге қатысты басқа да мәселелер бойынша, Коммерсанттың атынан процеске асқан әрбір Карточкалық операция, даулы сома немесе кредит үшін, жарамсыз деп танылғандар үшін: рұқсат етілмеген, Фрод, өзге құқыққа қайшы операциялар, сонымен қатар ХТЖ арқылы Банкке қойылған Эмитент банктендірің наразылықтары үшін немесе Коммерсанттағы Эмитент банктендірің карточкаларымен операцияларды жарамсыз, төмендегідей деп тану себептері бойынша Банкке тікелей қойылған наразылықтар үшін: рұқсат етілмеген, Фрод, өзге құқыққа қайшы келетін, сонымен қатар, олар бойынша наразылықтарды даулау ХТЖ қарастырылмаған Карточкалық операциялар үшін;

9.7.5. уәкілетті мемлекеттік органдар Банкке Төлемдер агрегаторы Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасының талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілік шараларын қолданған жағдайда;

9.7.6. Шарт бойынша Коммерсанттарды тексеру және олармен Шартта белгіленген талаптарды бекіту бойынша міндеттемелерді орындамау, тиісінше орындамау немесе Шартқа сәйкес Коммерсантпен шартты тоқтату, операцияларды тоқтата тұру/тоқтату қажет болған жағдайларда Коммерсанттың Карточкалық операцияларын жүргізуді жалғастыру нәтижесінде туындаған салдар үшін;

9.7.7. Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың Шарт талаптарын орындамауының, тиісінше орындамауының барлық басқа фактілері бойынша;

9.7.8. Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың Шарт ережелерін, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын, ХТЖ қағидаларын бұзуына байланысты ХТЖ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі, сот/құқық қорғау органдары Банкке салған айыппұлдардың, алымдар мен тұрақсыздық айыптарының кез келген сомасын Төлемдер агрегаторы Банкке толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

9.7.9. Төлемдер агрегаторы шет мемлекеттердің заңнамаларында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және әрекеті Төлемдер агрегаторына/ Төлемдер агрегаторының контрагентіне/Коммерсантқа және оның Банк немесе Банк арқылы жүргізетін операцияларына, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша заңнамасын бұзумен (соның ішінде, бірақ шектелмей, операциялар түрімен, Төлемдер агрегаторының/ Төлем агрегаторының контрагентінің/Коммерсанттың және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлерінің/қатысушыларының, бенефициар меншік иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдарының тіркелген және (немесе) орналасқан еліне, сонымен қатар осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты)

таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарды (соның ішінде шығындар мен ұтылған пайда) толық мөлшерде қабылдайды. Банк бұл тәуекелдер мен салдар (соның ішінде шығындар мен ұтылған пайда) үшін жауапкершілік көтермейді.

9.7.10. Егер Банк Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың кінәсінен техникалық құралдарды, бағдарламалық жасақтаманы қолдана алмаса, оның ішінде Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың ақпараттық қауіпсіздік талаптарын бұзуынан туындаған жұмыстағы іркілістер, Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың ақпараттық қауіпсіздікті бұзуының, Банктің ақпараттық жүйелерінің жұмысын бұзуға және олардың қауіпсіздігін бұзуға бағытталған әрекеттерді жасау салдарынан, сонымен қатар Банк жүйелерімен интеграциялау және (немесе) Интернет-сайтты пайдалану барысында немесе Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың басқа араласуы нәтижесінде Банкке шығын келтіру, Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың әрекеттері салдарынан туындаған бағдарламалық жасақтаманың авторлық құқығын иеленушімен Шартта қарастырылған бағдарламалық жасақтаманы пайдаланудағы шектеулерді бұзғаны үшін Банкті жауапкершілікке тарту жағдайларында, Төлемдер агрегаторы 30 (отыз) жұмыс күні ішінде Банктің хабарламасын алған күннен бастап барлық мәлімделген шығындарды, Банктің шығындарын қайтаруға және әр факт бойынша 200 (екі жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл төлеуге міндетті.

9.7.12. ХТЖ-да Карточкалық операциялар жасалған күннен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн ішінде немесе ХТЖ белгілеген басқа мерзімде Эмитент банк Карточкалар арқылы жасалған Карточкалық операциялар бойынша Chargeback рәсіміне бастама жасау құқығы қарастырылған. Төлемдер агрегаторы Банкке осындай Chargeback-ті қанағаттандыру бойынша келтірілген шығындарды шартсыз тәртіпте төлеуге міндеттенеді.

9.7.12. Төлемдер агрегаторы Карточка ұстаушысына даудан бас тарту туралы өтінішін немесе талабын беру арқылы өзінің қаржылық жауапкершілігін аудармауға немесе аударуға тырыспауға міндеттенеді, Карточка ұстаушысына даудан бас тарту туралы өтінішін немесе талабын беру арқылы Коммерсантқа өзінің қаржылық жауапкершілігін аударуға немесе аударуға тырысуға рұқсат бермеуге міндеттенеді.

9.7.13. Төлем агрегатор Шарттың 7.2.24, 7.3.15, 7.3.28, 7.3.43, 7.3.44, 7.3.45, 7.3.48, 7.3.59 және 7.3.60-тармақтарында қарастырылған міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Төлемдер агрегаторы Банкке соңғысының талабы бойынша осындай бұзушылық сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлейді.

9.8. Банк мыналар үшін жауапты емес:

9.8.1. Банктің тікелей бақылауында емес техникалық құралдардың істен шығуы, бағдарламалық жасақтаманың, энергиямен жабдықтау және деректерді тасымалдау жүйелерінің дұрыс істемегені үшін;

9.8.2. Коммерсант/Төлемдер агрегаторы және Карточка ұстаушы арасында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер үшін;

9.8.3. Транзиттік шотқа Аударымды, Транзиттік шоттан Коммерсанттың пайдасына ақша аударуды кешіктіргені немесе аудармағаны үшін, егер кешіктіру келесі себептермен орын алса:

1) Төлемдер агрегаторының Коммерсанттың пайдасына ақша аударымын жүзеге асыру үшін банктік деректемелердегі өзгерістер туралы Банкті уақтылы хабардар етпеуіне байланысты;

2) Банктің тікелей бақылауы жоқ, бірақ Шарт бойынша қызмет көрсетуді тоқтата тұруға әкеп соғуы мүмкін техникалық құралдардың, бағдарламалық жасақтаманың, энергиямен жабдықтау және деректерді беру жүйелерінің істен шыққан кезде;

9.8.4. Шартта қарастырылған жағдайларда Коммерсанттың пайдасына ақша аударылмағаны үшін;

9.8.5. Төлемдер агрегаторының Нұсқауды қате қалыптастыруына байланысты ақша аударуды орындамағаны және/немесе уақытында орындамағаны үшін, оның ішінде сомарды, Коммерсанттардың деректемелерін толтыру, Нұсқау бойынша Карточкалық операциялар сомасының Транзиттік шоттағы қалдық ақшадан кем болуына;

9.8.6. 3D-Secure хаттамасын қолданбай төлемдерді қабылдауды жүзеге асырудың салдары үшін.

10. ФОРС-МАЖОР

10.1. Егер Тараптардың біріне Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға Шарттың 10.2-тармағында көрсетілген еңсерілмейтін күш жағдайлары кедергі жасаса немесе кешіктірсе, онда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау осындай жағдайлар созылатын уақытқа шамалас мерзімге және олар міндеттемелердің орындалуына кедергі келтіретін немесе кешіктіретін дәрежеде тоқтатылады.

10.2. Еңсерілмейтін күш жағдайлары Шарттың мақсаттары үшін Тараптардың ақылға қонымды бақылауынан тыс кез келген жағдаяттарды, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, өрт (Тараптың ұқыпсыздығынан немесе немқұрайлығынан туындаған жағдайларды қоспағанда), су тасқыны, жер сілкіністері, соғыстар (жарияланған және жарияланбаған), көтерілістер, ереуілдер, азаматтық соғыстар немесе жаппай тәртіпсіздіктер (Банктің, Төлемдер агрегаторының, Коммерсанттың орналасқан жерінен тыс аумақта орын алған кез келген әскери әрекеттерден, Банкке, Төлемдер агрегаторына, Коммерсантқа негізсіз таралатын кез келген елді, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкциялар мен шетелдік

мемлекеттердің заңнамасы бекіткен шектеулер мен тыйым салулар), Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін қабылдау, жүйелердің жұмысындағы ақаулар мен қателіктер, жұмысқа жарамсыздықты білдіреді, олардың салдарынан Шарт бойынша міндеттемелерді уақытында орындау мүмкін болмауы мүмкін.

10.3. Еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауда кедергілері бар Тарап екінші Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайларының туындағаны туралы жазбаша хабардар етуі керек.

10.4. Егер Тарап Шарттың 10.3-тармағында белгіленгендей хабарлама жасамаған болса, онда ол еңсерілмейтін күш жағдайларына сілтеме жасау құқығынан айырылады, бұған еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан мұндай Тараптың екінші Тарапқа хабарлама жіберуі мүмкін болмаған жағдайлары қосылмайды.

10.5. Жалпыға мәлім еңсерілмейтін күш жағдайлары қосымша дәлелдемелер мен хабарламаларды қажет етпейді.

10.6. Барлық басқа еңсерілмейтін күш жағдайларына қатысты дәлелдемелерді мүдделі Тарап ұсынады. Ұлттық кәсіпкерлер палатасы немесе басқа құзыретті орган берген құжаттар мұндай жағдайлардың және олардың ұзақтығының дәлелі болып табылады.

Еңсерілмейтін күш жағдайлары аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде оларға тап болған Тарап екінші Тарапты еңсерілмейтін күш жағдайларының тоқтатылғаны туралы жазбаша хабардар етуге және Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды қайта жалғастыруға міндетті. Егер еңсерілмейтін күш жағдайлары туындағаннан кейін 1 (бір) айдан астам уақыт бойы жалғасатын болса, Тараптардың кез келгені Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте, басқа Тарапқа Шартты бұзу жоспарланған күннен 14 (он төрт) жұмыс күні бұрын жазбаша түрде хабарлауы тиіс.

11. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОНЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ БҰЗУ ТӘРТІБІ

11.1. Шарт оған Тараптар қол қойған және Тараптардың мөрлерімен (бар болса) бекітілген күннен бастап өз күшіне енеді.

11.2. Осы Шарт бір жыл мерзіміне жасалады және егер Тараптардың ешқайсысы осы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін кемінде бір ай бұрын өзінің Шартты бұзу туралы ниетін жазбаша түрде хабарламаса, автоматты түрде кезекті мерзімге ұзартылады. Қаржылық есеп айырысулар мен оларға қатысты Шарт талаптары бойынша Шарт бойынша ақшалай міндеттемелер толығымен орындалғанға дейін қолданылады.

11.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда немесе Тараптардың біреуінің бастамасымен Тараптардың келісімі бойынша Шарт мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін, бұл ретте, бұл туралы Шартты бұзу жоспарланған күнге кемінде 30 күнтізбелік күн қалғанда екінші Тарапқа хабарлауы тиіс.

11.4. Шартты бұзу туралы хабарлама алған күннен бастап Тараптар Шартқа сәйкес Карточкалар бойынша Карточкалық операциялар жүргізуді тоқтатады.

11.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген келесі жағдайларда Банк Шарттың 11.3-тармағында көрсетілген талаптарды сақтамай-ақ, біржақты соттан тыс тәртіпте Шартты орындаудан бас тартуға және бұзуға құқылы:

- 1) Тізбелерде Төлем агрегаторы туралы мәліметтер болса;
- 2) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы халықаралық ұйым немесе шет мемлекет анықтаған, ақшаны жылыстату немесе терроризмді қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елдерде тіркелген/жүрген тұлға болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауда мұндай тұлға қатысатын болса;
- 3) егер Төлемдер агрегаторы жүргізетін операцияларды зерделеу барысында операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жасалады деген күдік туындаса;
- 4) Төлемдер агрегаторы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы сақтау мақсаттары үшін құжаттар мен ақпарат беруден бас тартса;
- 5) Төлемдер агрегаторынаа/Коммерсантқа қатысты оның қызметін заңсыз деп тану туралы тергеу жүргізіліп жатқандығын, Төлемдер агрегаторының/Коммерсанттың қызметі айналымда Қазақстан Республикасының заңнамасына/ХТЖ қағидаларына сәйкес тыйым салынған немесе шектеу қойылған тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді байланысты екенін көрсететін жағдайлар болса, тКарточкалық операциялардың заңдылығына қатысты Банктің күдігін туғызатын жағдайларда, Банкке сұратқан ақпаратты беруден бас тартқан жағдайда немесе құқыққа қайшы қызметтің іске асырылуына және залал келуіне әкеп соғатын басқа жағдайлар болса, сондай-ақ Банктің қалауы бойынша өзге негіздерде;
- 6) ХТЖ талабы бойынша;
- 7) осы Шартты одан әрі орындау мақсатсыз болған жағдайда;
- 8) Төлемдер агрегаторы/Коммерсант Шарт бойынша кез келген міндеттемені бұзғанда;

9) Төлемдер агрегаторы/Коммерсант алаяқтық әрекеттер жасауға әрекет жасау кезіндегі алаяқтық әрекеттері немесе әрекетсіздігі үшін айыпталса;
10) Шартта көзделген өзге де негіздер бойынша.
11.6. Осы Шарт тоқтатылған жағдайда екі Тарап екі ай ішінде өзара есеп айырысуларды аяқтауы керек. Алайда, төлем жүйелерінің кез келгенінен ХТЖ белгілеген негіздер бойынша шағым түсірілген жағдайда, есеп айырысу кезеңі ХТЖ қағидаларына сәйкес мерзіммен шектелмейді.
11.7. Тараптар осы Шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқылы. Осы Шарттың барлық өзгерісі мен толықтыруы, осы Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда, егер олар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған болса, заңды күшке ие.
Осы Шарттың барлық қосымшасы оның ажырамас бөлшегі болып табылады және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

12. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

12.1. Тараптар арасында туындаған барлық дау өзара қолайлы шешімге қол жеткізу үшін келіссөздер арқылы шешіледі. Егер Тараптар келісімге келе алмаса, даулар және/немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банктің немесе оның филиалының орналасқан жері бойынша (Банктің қалауы бойынша) сот тәртібінде шешіледі.
12.2. Шартты орындауға байланысты даулар туындаған жағдайда, Банкте және/немесе Төлемдер агрегаторында сақталатын электрондық нысандағы, Шартқа сәйкес жүргізілген Карточкалық операциялар бойынша құжаттарды Тараптар қағаз нұсқадағы құжаттарға теңестіреді және олар дәлел бола алады. Тараптар машиналық сақтау құралдарындағы операциялар туралы деректерді дауларды шешуде дәлел ретінде тануға келіседі.
12.3. Тараптар Шарт бойынша Тараптар арасындағы қатынастарды құқықтық реттеу көзі - Шарт, Қазақстан Республикасының заңнамасы, ХТЖ қағидалары екендігімен келіседі, егер олар Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін болса. ХТЖ қағидаларының ережелеріне қайшы келетін Шарттың кез келген талаптары (Шартты бекіту кезінде белгілі және болашақта әзірленетіндері) ХТЖ қағидаларының сәйкес келуі керек

13. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЕСКЕРТУ

Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың барлық қолданылатын нормаларын сақтайды. Тараптар олардың әрқайсысы парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды, бұл сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне толық тыйым салуды және мақсаты шаруашылық қызметке байланысты қағазбастылықты оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешуді қамтамасыз ету болып табылатын жәрдемдесу /төлемдер үшін төлемдер жасауды көздейді. Тараптар, олардың лауазымды тұлғалары мен осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей немесе жанама қатысатын жұмыскерлері қандай да бір ақшалай қаражатты төлеуді/алуды немесе қандай да бір құндылықтарды (оның ішінде материалдық емес) кез келген тұлғаға, қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу ниетімен іс-әрекеттерге немесе шешімдерге ықпал ету мақсатында, оның ішінде заңнамада белгіленген тәртіпті айналып өту мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттарды көздейтін тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде беруді қабылдамайды, төлемейді, төлеуді ұсынбайды және рұқсат бермейді (санкция береді). Осы тармақтың ережелері Тараптар үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы куәліктер болып табылады. Тараптар шарт жасау кезінде осындай куәліктерге сүйенеді. Тарапта осы тармақтың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап өзінің күдіктері туралы екінші Тарапқа жазбаша нысанда мүмкіндігінше тезірек хабардар етуге міндеттенеді.

14. БАСҚА ТАЛАПТАР

14.1. Төлемдер агрегаторы Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы үшін мыналарға келісімін береді:
- *Төлемдер агрегаторы* туралы ақпаратты/Төлемдер агрегаторының деректерін үшінші тұлғаларға беруге/үшінші тұлғалардан алуға, егер заң талаптарына және/немесе осындай тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес көрсетілген тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болса немесе мұндай міндеттер мен құқықтар басқа негіздер бойынша туындаса, оның ішінде: уәкілетті мемлекеттік органдардан; заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғалардан, ұлттық басқарушы холдингдерден, ұлттық компаниялардан; кредит бюроларынан; зейнетақы қорынан; мемлекеттік дерекқорлар операторларынан/иселерінен; курьерлік компаниялардан; ұялы байланыс операторларынан; Банкке

ақпараттық-технологиялық қолдау қызметтерін көрсететін тұлғалардан немесе Банкпен цифрлық және ақпараттық технологиялар қызметі саласында басқа да мәмілелері бар тұлғалардан; шетелдік корреспондент банктерден; АҚШ-тың Салық қызметінен (Internal Revenue Service), FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, әр түрлі сервистерді және жоғарыда көрсетілген үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып.

- Төлемдер агрегаторының деректерін мемлекеттік дерекқорлар (бұдан әрі – МДҚ) иелерінің, Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығының, сондай-ақ ресми және заңды дереккөздердің (Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет порталы/Электронды лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа да ресми дереккөздер) кредит бюроларына, оның ішінде МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен алынғандарын қоса алғанда, Банкке, кредит бюроларына және басқа ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

- Төлемдер агрегаторының деректерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша қолданыстағы және келешекте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға, кредит бюросына және Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы (кредит бюроларын қоса алғанда немесе кредит бюролары арқылы) беруге;

- Банктің Банк өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстарды дайындауы мақсатында барлық заңды дереккөзден Төлемдер агрегаторы туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, алдын ала талдау жүргізуіне;

- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органына беруге, оның ішінде мемлекеттік кіріс органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті сомадан асатын қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасу мақсатында беруге;

- мына жағдайларда және тұлғаларға Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ашуына:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда;

б) Банк қызметкерлеріне;

в) Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес және осы заңнамадағы негіздер бойынша Банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;

г) контрагентке(-терге) және өзге тұлғаларға, егер Банк осындай тұлғамен(-лармен) келісім жасаса және бұл келісімнің мәні болып көрсетілген тұлғалардың Банктен алған/алатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламау туралы міндеттемелерді қабылдауы табылса;

Коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Коммерсанттың кінәсінен бұзылған немесе Құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздерден белгілі болған жағдайда Банк бұл үш жауапты емес.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ның (бұдан әрі - Кредиттік бюро):

(а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Коммерсант туралы ақпаратты алуына, (б) осы тармақтың а) тармақшасына сәйкес алынған Коммерсант туралы ақпаратты Банкке беруіне;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның, МДҚ иелерінің/операторларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның Коммерсант туралы ақпаратты Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Банкке беруіне;

- кредиттік бюроларға болашақта келіп түсетін және/немесе соңғы ақпарат соңғы ақпаратты алған күннен бес жыл бұрын алынған деректерді қоса алғанда, кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге, сондай-ақ басқа қызметтерді көрсетуге.

14.2. Осы арқылы Төлемдер агрегаторы, Төлемдер агрегаторының Банкке шарттар, шарттардың қосымша келісімдері бойынша берген және болашақта беретін дербес деректер субъектілерінің¹ дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажет болған басқа жағдайларда, Төлемдер агрегаторының дербес деректер субъектілерінен дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруіне forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес және басқа да деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша келісін алдын ала алғандығын куәландырады.

14.3. Төлемдер агрегаторы Банктің талабы бойынша Банкке Төлемдер агрегаторының дербес деректер субъектілерінен жинап алған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдерінің болуы туралы құжаттамалық растаманы ұсынады, ал келісімдердің болуын құжатпен растау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай келісімдерді жинап, одан кейін Банкке олардың алынғанын растайды.

14.4. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Төлемдер агрегаторына жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шара қолданылған жағдайда, Төлемдер агрегаторы Банктің талабы бойынша Банкке келтірілген кез келген шығын мен залалды Банкке өтеуге міндеттенеді.

14.5. Банк:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады;
- Төлемдер агрегаторы қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауға, өңдеуге және таратуға міндеттенеді;
- Төлемдер агрегаторы қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне өту талаптарын өзі белгілеуге құқылы;
- дербес деректерді Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының талаптарын ескере отырып, оларды өңдеу мақсаттарында талап етілетін мерзімнен артық сақтамауға және өңдеу мақсаттарына жеткеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;
- Шартты орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;
- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

14.6. Банкті немесе Төлемдер агрегаторын тарату немесе қайта құру кезінде құқықтық мұрагеріне Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттер өтеді.

14.7. Төлемдер агрегаторы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін Банктің жазбаша келісімінсіз Шарт бойынша тарап болып табылмайтын үшінші тұлғаға беруге құқығы жоқ;

14.8. Шарт бойынша барлық хабарлама, егер олар Шартта көрсетілген деректемелер бойынша жазбаша түрде қолына беру түрінде және/немесе пошта қызметі арқылы және/немесе факс және/немесе электрондық пошта арқылы жіберілсе, таңдалған байланыс арнасы хабарламаның адресатқа жеткізілуін растайтын болса, онда оны тиісті түрде тиісті Тарап жіберген/тиісті Тарап алған болып саналады, егер Шартта өзгесі арнайы белгіленбесе.

14.9. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан, әрқайсысының заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

14.10. Шартпен реттелмеген барлық қалған жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын және ХТЖ-гің ережелерін басшылыққа алады.

14.11. Шартты жасау кезінде оған келесі Қосымшалар қоса ұсынылады:

№ 1 қосымша: Банк комиссиялары;

№ 2 қосымша: Банктің Коммерсантқа қоятын талаптары;

№ 3 қосымша: Банктің Рекуррентті/қайталанатын операцияларды жасауға қойылатын талаптары;

№ 4 қосымша: Банктің төлемді Токен арқылы қабылдауға қойылатын талаптары;

№ 5 қосымша: Төлемдер агрегаторы қосқан/қосатын Коммерсанттар туралы ақпарат;

№ 6 қосымша: Операциялар тізілімі;

№ 7 қосымша: Коммерсанттарды қосу және қызмет көрсету кезінде Тараптардың өзара іс-қимыл регламенті;

№ 8 қосымша: Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісі.

15. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Банк:	Ұйым/ Агрегатор платежей:
«ForteBank» АҚ _____ қаласындағы филиалы/ АО «ForteBank» в г.	_____ «_____»
Мекенжайы/Адрес: Қазақстан Республикасы _____	Мекенжайы/Адрес: Қазақстан Республикасы _____
БСН/БИН	БСН/БИН
KZ	KZ
БСК	БСК
Email:	Email:
Банктен/от Банка: _____ /	Төлемдер агрегаторынан/От Агрегатора платежей: _____ /
М.О./ М.П.	М.О./ М.П.

**Интернет-эквайрингі қызметтерін көрсету
(төлемдер агрегаторы үшін) туралы
_____ жылы « » _____ № _____ шарттың
№1 қосымшасы**

1. Карточка ұстаушылар Төлемдер агрегаторының Сервисін қолдану арқылы Карточкалық операциялар жүргізген кезде Банк ұстап қалатын Банк комиссиясының мөлшері¹:

р/к №	«ForteBank» АҚ-тың Visa, Master Card, UnionPay карточкалары	Қазақстан Республикасының Банкттер шығарған Visa, MasterCard, UnionPay карточкалары	Шетелдік эмитенттер шығарған Visa, Mastercard, UnionPay карточкалары
1	___%, мин. __ теңге	___%, мин. __ теңге	___%, мин. __ теңге

2. Жеңілдікті МСС үшін комиссия мөлшері²

Санаты	Сипаттама	Банк сыйақысы

Шарттың №1 қосымшасын Тараптар келісті:

Банктің атынан: _____/_____ М.О./ М.П.	Төлемдер агрегаторының атынан: _____/_____ М.О./ М.П.
--	---

¹ Коммерсанттармен (тауарларды/жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді жеткізушілермен) есеп айырысу үшін төлем жасаушы ұйым өңдеген төлем бойынша Ақша аудару жөніндегі нұсқаулықты өңдеу кезінде, Банк Төлемдер агрегаторының ағымдағы шотынан, Банктің www.forte.kz ресми сайтында орналасқан Банк тарифтеріне сәйкес, комиссия ұстайды.

² Шетелдік банкттер шығарған карточкалар үшін жеңілдікті тарифтер ұсынылмайды.

Коммерсантқа қойылатын Банктің талаптары

Коммерсантқа қойылатын Банктің бұл талаптары (бұдан әрі - Талаптар) маңызды, бірақ түпкілікті емес және Ұйым оның орындалуын және Коммерсанттың төменде көрсетілген талаптарға, сондай-ақ Банк Ұйымға хабарлайтын басқа талаптарға сәйкес болуын қамтамасыз етуге етуге міндеттенеді.

Талаптарда ХТЖ қағидалары, сонымен қатар Коммерсант қызметін тексеру және мониторинг жүргізу бойынша қағидалар көрсетілген. Талаптарды Коммерсант толығымен орындауы тиіс. Коммерсант ұсынатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу мен дамыту агенттігінің талаптарына, ХТЖ қағидаларына сай болуы керек.

1. Коммерсант Сервиске қосылған күні және одан әрі жұмыс істегенде Коммерсанттың интернет-сайты келесі талаптарға сай болуы керек:

1.1. Интернет-сайттың тұрақты IP-адресі болуы керек және ақылы хостингте орналасуы керек. Интернет-сайт екінші деңгейдегі доменде орналасуы керек.

1.2. Интернет-сайттың жұмысына байланысты барлық беттер, функционал, ішкі сілтемелер бір доменнің ішінде болуы және жұмыс күйінде (пайдалану/ашу/оқу үшін қолжетімді) болуы керек. Ақпарат, функционал, сатып алушыларға қызмет көрсету талаптары мен қағидаларының бір бөлігін басқа домендік атаудағы беттерде орналастыруға болмайды.

1.3. Интернет-сайтта жұмыс істемейтін (бұзылған) беттер, бағыты олардың атауына сәйкес келмейтін сілтемелер, сондай-ақ (қайта бағыттауды нақты көрсетусіз) басқа сайттарға қайта бағытталатын беттер/сілтемелер болмауы керек.

1.4. Коммерсанттың интернет-сайтында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына қайшы келетін сайттардың сілтемелері және/немесе баннерлері, сондай-ақ баннерлік желілердің сілтемелері және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ХТЖ қағидаларына сәйкес таратуға тыйым салынған ақпарат болмауы керек.

1.5. Коммерсанттың интернет-сайтында міндетті түрде келесі ақпарат орналастырылуы керек:

- 1) Коммерсант туралы, оның қызмет түрін сәйкестендіретін және ұсынылатын тауарлар/жұмыстар/қызметтер туралы толық ақпаратты қамтитын анықтамалық ақпарат;
- 2) Коммерсант туралы деректер (атауы/толық аты-жөні, мекенжайы, ЖСН/БСН, байланыс телефоны, электрондық пошта адресі және т.б.);
- 3) сатылатын тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің толық сипаттамасы;
- 4) тауар/жұмыс/қызмет құны;
- 5) тауар/жұмыс/қызмет ақысын төлеу тәсілі;
- 6) Карточка арқылы төлем жасау тәртібі;
- 7) тауарды қайтару/жұмысты/қызметті тоқтату саясаты және тәртібі;
- 8) тауарды жеткізу/қызметтерді көрсету/жұмыстарды орындау талаптары;
- 9) төлем жасауда проблемалар туындаған кездегі Карточка ұстаушысының әрекеттері;
- 10) дербес деректерді өңдеу тәртібі және Карточка ұстаушысы Интернет-сайтты пайдаланған кезде алған деректердің құпиялылығын сақтау туралы ереже;
- 11) Карточкалар қолдану арқылы жүргізілген Карточкалық операциялардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары туралы ақпарат;
- 12) клиенттерге қолдау көрсету қызметінің байланыс ақпараты, оның ішінде электрондық пошта адресі мен телефон нөмірі;
- 13) ХТЖ логотипі бар сурет, Коммерсант қабылдайтын және басқа төлем тәсілдерінің карточкалары (тек Интернет дүкендері үшін). ХТЖ және Банктің логотиптері Карточка ұстаушыларын бизнестің кімнің атынан жүргізіліп жатқанына қатысты жаңылыстырмауы керек;
- 14) Банк логотипі бар сурет және Банк ресурстарына сілтемемен URL: <https://forte.kz/>.

1.6. Қажет болса, Интернет-сайтта сатылатын тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге мемлекеттік орган берген, сондай-ақ құқық иесі, өндіруші ұсынған лицензиялар, рұқсатнамалар туралы ақпарат орналастырылуы тиіс.

2. Интернет-сайтты тауарлардың/жұмыстардың/қызметтердің келесі санаттарын сату үшін қолдануға болмайды:

2.1. Тыйым салынған қызмет түрлері:

- 1) чек бойынша қолма-қол ақшаны/бизнес кепілдіктерін алу қызметтері;
- 2) қаржы пирамидалары, желілік маркетинг;
- 3) зияткерлік меншік құқығын бұзу немесе сату;

- 4) дербес деректері бар деректер базасын сату;
 - 5) қорлайтын материалдарды тарату (мысалы, моральды қорлайтын тауарлар, этникалық немесе нәсілдік жағынан қорлайтын материалдар, нацистік естелік заттар, зорлық-зомбылықты, этностық араздықты, өшпенділікті, нәсілшілдікті үгіттейтін тауарлар, жәбірлейтін және балағаттайтын сөздер және тіл тигізу);
 - 6) заңсыз әрекетті ынталандыратын немесе басқаларды заңсыз әрекетке итермелейтін материалдар мен тауарлар;
 - 7) елдің мәдени құндылықтарын құрайтын тарих пен өнер заттарын сату;
 - 8) заңсыз саудаға, қаржылық алаяқтыққа, заңсыз жолмен алынған ақшаны жылыстатуға және заңдастыруға қарсы күрес мақсатында меншік иесінің жеке басын дұрыс сәйкестендіруді қамтамасыз етпейтін қаржылық немесе төлем құралдары, есепке алу жүйелері;
 - 9) порнография, сексуалдық бағыттағы контент, «ересектерге арналған тауарлар»;
 - 10) темекі өнімдері мен алкоголь өнімдерін сату;
 - 11) улы заттарды, есірткі мен психотроптық заттарды сату;
 - 12) рецептік дәрі-дәрмектерді сату (ББК, емдік шөптер және т.б.);
 - 13) марал шаруашылығынан алынған дәрілік шикізатты сату (мүйіз және эндокриндік шикізат);
 - 14) адам ағзалары мен қалдықтарын сату;
 - 15) мемлекеттік айырым белгілерін, үкімет құжаттарын, униформаларды, үкіметтік жеке куәліктер мен лицензияларды, сондай-ақ полицияға қатысты тауарларды сату;
 - 16) контрафактілік, бұрмаланған тауарларды/қызметтерді сату;
 - 17) бағалы және сирек кездесетін жер металдарын, асыл тастар мен олардан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ құрамында бағалы және сирек кездесетін жер металдары мен асыл тастар бар қалдықтарды сату;
 - 18) уран мен олардан бөлінетін басқа да материалдар мен олардан жасалған өнімдерді сату;
 - 19) радиоактивті заттар мен изотоптар, рентген жабдығы қолданылған аспаптар мен жабдықтарды сату;
 - 20) радиоактивті материалдардың, жарылғыш заттардың қалдықтарын сату;
 - 21) құқық қорғау органдары тыйым салған атыс қаруы мен оларға арналған қосалқы бөлшектерді, оқ-дәрілерді, суық қаруды, әскери техниканы, жарылғыш заттар мен жару құралдарын, уландыратын заттар мен олардан қорғайтын құралдарды, ракеталық және ғарыштық кешендерді, әскери мақсаттағы байланыс пен басқару жүйелерін, шифрлау техникасын, сондай-ақ жоғарыда аталған құрылғыларды өндіру мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы сату;
 - 22) ғылыми-зерттеу және жобалау жұмыстарының нәтижелерін, сондай-ақ қару-жарақ пен әскери техниканы құру бойынша іргелі іздестіру зерттеулерін сату;
 - 23) арнайы техникалық құралдарды сату (әзірленген, бейімделген, бағдарламаланған):
 - акустикалық ақпаратты жасырын алу және тіркеу үшін;
 - жасырын визуалды бақылау мен құжаттама үшін;
 - телефон арқылы сөйлесулерді жасырын тыңдау үшін;
 - техникалық байланыс арналарынан ақпаратты жасырын ұстап алу және тіркеу үшін;
 - көлік құралдары мен басқа объектілердің қозғалысын жасырын бақылау үшін;
 - үй-жайларды, көлік құралдарын және басқа объектілерді жасырын тексеру үшін;
 - сондай-ақ осы құралдарды шығару мен пайдалануға арналған нормативтік-техникалық құжаттама;
 - 24) бір немесе бірнеше радиотаратқыш құрылғылардан тұратын жоғары жиілікті құрылғыларды және (немесе) олардың комбинацияларын және 9 кГц жоғары жиілікте радио толқындарын таратуға және қабылдауға арналған көмекші жабдықты сату;
 - 25) құлыптарды бұзуға және ашуға арналған құрылғыларды сату;
 - 26) мынадай басқа тауарларды/қызметтерді сату, олардың еркін сатылуына:
 - Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынса немесе шектелсе;
 - Банктің немесе халықаралық төлем жүйелерінің іскерлік беделіне теріс әсер ететін болса.
- 2.2. High-Brand Risk жататын Коммерсанттардың (МСС) қызмет санаттары:
- 1) 5122, 5912 (Дәрілер, оларды тарату, Дәріханалар) – CNP ортасында фармацевтикалық дәрі-дәрмектің сатылуы;
 - 2) 5962 (Тікелей маркетинг – туризмге қатысты қызметтер) – CNP ортасында шығыс телемаркетингілік қоңыраулар немесе жаппай электрондық таратылым арқылы таймшер және дисконттық саяхат клубтары сияқты саяхатқа байланысты қызметтерді сату;
 - 3) 5966 (Тікелей маркетинг - шығыс телемаркетинг) – қашықтағы телемаркетингін қолдану арқылы CNP ортасында тауарлар мен қызметтерді сату; мысалы, оларға тыйым салынбаған техникалық қолдау қызметі немесе кредит карточкаларын қорғау сияқты қызметтер жатады;
 - 4) 5967 (Тікелей маркетинг – кіріс телемаркетинг), 7841(Видеопрокат) – CNP ортасында интимдік сипаттағы ересектерге арналған контентті және/немесе қызметтерді сату, олар мыналарды қамтуы, бірақ шектелмеуі мүмкін: жазылым арқылы веб-сайтқа өту, ағынды видео, бейнетаспалар мен DVD сату және немесе жалға беру;
 - 5) 5968 (Тікелей маркетинг – Жазылым бойынша сату) – Тауарды тұрақты немесе мерзімді түрде алу үшін CNP ортасында жазылымдарды сату (мысалы, айына бір рет немесе жылына екі рет);

- 6) 5993 (Темекі дүкендері) – CNP ортасында темекі өнімдерін, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, темекі, сигара, шылым, электронды никотин жеткізу жүйелерін (электронды шылымдар) және темекі шегуге арналған барлық керек-жарақтарды сату;
- 7) 7273 (Танысу) – CNP ортасында, сонымен қатар, компьютерлер, жеке бейнелер, танысу қызметтері, жарнамаларды орналастыру немесе танысу веб-сайттарына жазылу арқылы танысу және еріп жүру (эскорт) қызметтерін ұсыну;
- 8) 9754, 7800, 7801, 7802, 7995, 9406 (Құмар ойындары) – ойын қызметіне байланысты, казино, ипподромдар, карта салондары, әуе компаниялары және т.б. сияқты ұтыс тігу немесе бәс тігу мекемелері ұсынатын ұтыстарды орналастыру, фишкалар, лотерея билеті немесе құмар ойындары үшін қолданылатын басқа да құндылықтарды сатудан тұратын CNP ортасындағы кез келген Карточкалық операция;
- 9) 5816 (Цифрлық тауарлар – ойындар), 7994 (Бейнеойындар клубы) – зияткерлік сипаттағы ойын қызметтерін сату. Қатысушылар ойын ақысын төлейтін және ойынның нәтижесі сәттілікпен емес, қатысушылардың шеберлігімен анықталатын виртуалды спорттық ойындар сияқты шеберлік ойындары, бұл ретте, жеңімпаз қолма-қол ақша және/немесе ақшалай жүлде алуы мүмкін;
- 10) 4816 (Компьютерлік желілер, ақпараттық қызметтер, файл алмасушылар) – CNP ортасында сақтау орны және файл алмасу сияқты онлайн қызметтерді сату;
- 11) 6051 (Квази-Кэш – Қаржылық емес мекеме) – CP немесе CNP ортада қаржылық емес мекемелерде шетел валютасын, ақшалай емес валютаны (мысалы, криптовалюта), жол чектерін сату, ақша аударымдары мен борышты өтеуді жүзеге асыру, шотты қаржыландыру (Stored Value Load емес), электронды әмияндарды, сауда шоттарын толықтыру және басқа квази-кэш операциялары;
- 12) 6211 (бағалы қағаздар нарығындағы брокерлер қызметі) – CP немесе CNP ортасында бинарлы опциондарды, айырма туралы келісімшарттарды, FOREX опциондарын, криптовалюта опциондарын, криптовалюталарды сату, тікелей немесе жанама сату.

Шарттың №2 қосымшасын Тараптар келісті:

Банктің атынан: _____ М.О./ М.П.	Төлемдер агрегаторының атынан: _____ М.О./ М.П.
--	---

Рекуррентті/ Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізуге қойылатын талаптар

Бұл қосымша Банктің **Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды** жүргізуге қойылатын қосымша талаптарын белгілейді, оларды Төлемдер агрегаторы Рекуррентті/Қайталанатын операцияларды жүзеге асыру арқылы тауарлар/жұмыстар/ қызметтер ақысын қабылдаған кезде сақтауы тиіс. Бұл ретте, осы Талаптар маңызды, бірақ түпкілікті емес және Төлемдер агрегаторы төменде көрсетілген талаптардың, сондай-ақ Банк Төлемдер агрегаторына қосымша хабарлайтын басқа талаптардың орындалуын және Коммерсанттың оларға сай болуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

1. Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізу қызметіне қосылу Банктің техникалық мүмкіндігінің болуына қарай жүзеге асырылады.

2. Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізу қызметіне қосылу үшін Төлемдер агрегаторы өтінімді қағаз нұсқада ресми хат арқылы жібереді. Банк қызметті қосу туралы өтінімді Төлемдер агрегаторының ресми хатын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарайды және қызметке қосу/қосудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Қызметке қосудан бас тартқан жағдайда, бас тарту туралы жауапты алғаннан кейін кемінде 3 (үш) күнтізбелік ай өткен соң қайта өтінім беруге болады. Банк қызметті қосу үшін Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте Төлемдер агрегаторынан қосымша құжаттар мен түсініктемелерді талап етуге құқылы.

3. Төлемдер агрегаторы Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізу кезінде Коммерсанттың келесі талаптардың барлығын орындауын қамтамасыз етуі тиіс:

3.1. Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізбес бұрын Коммерсант пен Карточка ұстаушысы арасында келісім жасалады, ол Коммерсанттың Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізу құқығын тікелей көздейді (бұдан әрі – Келісім);

3.2. Келісімде келесі талаптар көрсетілуі тиіс:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (соңғысы бар болса), ЖСН;
- 2) төлем жүйесінің атауы;
- 3) Коммерсанттың атауы және орналасқан мекенжайы;
- 4) тауар/жұмыс/қызмет атауы және құны;
- 5) Карточканың алғашқы алты және соңғы төрт нөмірі;
- 6) Карточканың қолданылу мерзімінің аяқталатын күні;
- 7) Карточканың деректемелері қолданылады деп жобаланған мерзім және егер бұл алдын ала белгілі болса, бір жылдан аспайтын аралықтағы кейінгі Карточкалық операцияларды жүргізу күні немесе жиілігі;
- 8) Келісімнің қолданылу мерзімі;
- 9) Карточка бойынша алғашқы Карточкалық операция күні;
- 10) кейінгі Карточкалық операциялардың валютасының атауы немесе егер Келісімді ресімдеу кезінде сомалардың мәні белгісіз болса, бұл сомаларды анықтау тәртібі;
- 11) алдағы Карточкалық операциялар бойынша Карточкалық операцияны тоқтату және ақшаны қайтару тәртібі;
- 12) Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларға берілген келісімді қайтарып алу;
- 13) Карточкалық операцияны орындаудың сәтсіз әрекеті туралы Карточка ұстаушысына хабарлау тәсілі;
- 14) Карточка ұстаушысының электронды поштасының адресі;
- 15) Карточка ұстаушысының байланыс телефоны;
- 16) Карточка Ұстаушысының Келісім талаптарымен айқын нысандағы келісімі, сонымен қатар, Карточка ұстаушысының дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі;
- 17) Карточка Ұстаушысына Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операциялар арқылы төленетін тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді тұрақты түрде ұсыну.

3.3. Келісім Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізу кезінде жарамды;

3.4. Жасалған Келісімдерді тиісті Келісімнің қолданылу мерзімі бойы, сондай-ақ қолданысын тоқтатқан күннен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн ішінде сақтауға;

3.5. Карточка ұстаушысының мекенжайына электронды пошта арқылы немесе Карточка Ұстаушысымен келісілген басқа тәсілмен Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операциялар жүргізу туралы хабарлама жіберуге;

3.6. Карточка Ұстаушысына Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізуден бас тарту мүмкіндігін беруге;

3.7.Карточка Ұстаушысынан Шартты бұзу туралы хабарлама алған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде осындай Келісімде көзделген барлық кейінгі Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды тоқтатуға;

3.8.Карточка ұстаушысына Келісімде көзделген Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияны жүзеге асыру күнінен 1 (бір) күнтізбелік күн бұрын электрондық пошта арқылы немесе Карточка ұстаушысымен келісілген басқа тәсілмен алдағы Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операция туралы еске салу хабарламасын жіберуге;

3.9.Коммерсант Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізу кезінде Карточканың кез келген деректерін сақтауға құқылы емес.

4. Банк кез келген уақытта, себептерін түсіндірмей, Коммерсантқа және/немесе Төлемдер агрегаторына Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияларды жүргізу мүмкіндігіне техникалық жағынан тыйым салуға құқылы, мұндай бұғаттау туралы Төлемдер агрегаторына хабарлауы тиіс.

5. Банк Төлемдер агрегаторына Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операциялар бойынша өтеу сомасын аударудан бас тартуға, сондай-ақ Шартта белгіленген негіздер бойынша және тәртіпте, сондай-ақ Коммерсант және/немесе Төлемдер агрегаторы осы Қосымшаның талаптарын сақтамаған жағдайда, бұрын аударылған өтемді қайтаруын талап етуге құқылы.

6. Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операция жарамсыз болып танылады, сонымен қатар, бірақ онымен шектелмей, Шарттың 5-бөлімімен, егер:

6.1.Карточкалық операция тұрақты, бірақ оның орындалуын көздейтін Келісім жасалмаған және/немесе Шарт талаптарын бұзумен жасалса;

6.2.Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияны жүргізу кезінде Келісімнің қолданылу мерзімі аяқталған немесе мерзімінен бұрын бұзылған болса;

6.3. Келісімде көрсетілген параметрлерге сәйкес келмес,. Жүргізілген Рекуррентті/Қайталанатын Карточкалық операцияның параметрлері.

Шарттың №3 қосымшасын Тараптар келісті:

Банктің атынан: _____ М.О./ М.П.	Төлемдер агрегаторының атынан: _____ М.О./ М.П.
--	---

Токен арқылы төлемді қабылдауға Банктің қоятын талаптары

Бұл Қосымша Токен арқылы төлем қабылдауға қойылатын Банктің қосымша талаптарын анықтайды, Төлемдер агрегаторы бұл талаптарды Токен арқылы тауарларға/жұмыстарға/қызметтерге ақы төлеуді қабылдаған уақытта сақтауға міндетті. Бұл ретте осы Талаптар елеулі, бірақ түпкілікті емес және Төлемдер агрегаторы Коммерсанттың төменде көрсетілген талаптарға, сонымен қатар Банк Төлемдер агрегаторына қосымша хабарлайтын басқа да талаптарға сәйкес келуін және орындауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

1. Токен арқылы төлем қабылдау қызметіне қосылу Банктің техникалық мүмкіндігі болған жағдайда жүргізіледі.
2. Токен арқылы төлем қабылдау қызметіне қосылу үшін Төлемдер агрегаторы қағаз жеткізгіштегі ресми хатты жіберу арқылы өтінімді жолдайды. Банк Төлемдер агрегаторының ресми хаты түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызметті қосу туралы өтінімді қарастырады және қызметке қосу/қосудан бас тарту туралы шешімді қабылдайды.
3. Қызметті қосуға бас тартқан жағдайда қайталама өтінім сол бас тартуды алған күннен бастап 3 (үш) күнтізбелік айдан ерте емес мерзімде жіберілуі мүмкін. Банк қызметті қосу үшін Төлемдер агрегаторынан Банктің ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте қосымша құжаттарды, түсініктерді сұратуға құқылы.
4. Карточка ұстаушы Коммерсанттың Интернет-сайтында Банктің Токендеу жүйесі арқылы Токендеу процедурасы арқылы Токенді шығаруға бастамашылық жасайды.
5. Карточка ұстаушы Токен шығарылған Интернет-сайтта ғана Токен арқылы төлемді жүргізе алады, егер басқа талаптары Банкпен қарастырылмаса.
6. Карточканың Токені Эмитент банктің төлемін сәтті авторизациялаудан кейін ғана шығарылады.
7. Төлемдер агрегаторы Токен арқылы төлемдерді қабылдағанда Коммерсанттың төменде аталған талаптардың сақтауын қамтамасыз етуге міндетті:
 - 7.1. Токен арқылы төлемді қабылдағанға дейін Коммерсант және Карточка ұстаушы арасында келісім жасалады, бұл келісім Коммерсанттың Токен арқылы төлемді қабылдауға құқығын қарастырады (бұдан әрі – Келісім);
 - 7.2. Келісімде келесі талаптар көрсетілуі тиіс:
 - 1) Карточка ұстаушының тегі, аты, әкесінің аты (соңғысы бар болса), ЖСН;
 - 2) төлем жүйесінің атауы;
 - 3) Коммерсанттың атауы және орналасқан мекенжайы;
 - 4) тауардың/жұмыстың/қызметтің атауы және құны;
 - 5) Келісімнің қолданылу мерзімі;
 - 6) Токенді бұғаттау/жою тәртібі;
 - 7) Карточка ұстаушыны Карточкалық операцияны сәтсіз өткізу туралы хабарлау әдісі;
 - 8) Карточка ұстаушының электрондық пошта мекенжайы;
 - 9) Карточка ұстаушының байланыс телефоны;
 - 10) Карточка ұстаушының Келісімнің талаптарымен анық түрде келісуі, с.і. Токенді генерациялауға және Карточка ұстаушының дербес мәліметтерін жинауға және өңдеуге рұқсат беруі.
 - 7.3. Токен арқылы төлем қабылдау сәтіндегі Келісім қолданыстағы келісім болып табылады;
 - 7.4. Жасалған Келісімдерді тиісті Келісімнің барлық әрекет ету мерзімі барысында, сонымен қатар әрекет ету мерзімі тоқтатылған сәттен бастап 540 (бес жүз қырық) күнтізбелік күн ішінде сақтау.
 - 7.5. Карточка ұстаушыға Токенді бұғаттау/жою мүмкіндігін қамтамасыз ету.
 - 7.6. Коммерсант Токен арқылы төлемді қабылдағанда Карточканың қандай да бір мәліметтерін сақтауға құқылы емес.
 - 7.7. Токен арқылы төлемдерді қабылдауға және генерацияға арналған электрондық терминалдары арқылы операциялардың басқа түрлерін өткізуге Коммерсантқа тыйым салынады.
8. Банк Коммерсантқа және/немесе Төлемдер агрегаторына кез келген сәтте, себебін түсіндірмей Токен арқылы төлемді қабылдау техникалық мүмкіндігін бұғаттауға құқылы, бірақ бұл бұғаттау туралы на хабарлауға тиісті.
9. Банк Төлемдер агрегаторыға Токен арқылы жүргізілген Карточкалық операция бойынша өтеу сомасын аударудан бас тартуға, сонымен қатар Шартта белгіленген негіздер бойынша және тәртіпте, сонымен қатар Коммерсант және/немесе Төлемдер агрегаторы осы Қосымшаның талаптарын орындамаған жағдайда бұрын аударылған өтеу сомасын қайтарып алуды талап етуге құқылы.
10. Токен арқылы төлем жүргізу Шарттың 5-бөлімімен қоса, бірақ шектелмей жарамсыз болып танылады, егер:

10.1. Токен арқылы төлемді қабылдау сәтінде Келісімнің әрекет ету мерзімі шыққан немесе ол мерзімінен бұрын бұзылған болса;

10.2. Келісімде көрсетілген параметрлерге сәйкес келмесе, Жасалған Карточкалық операцияның параметрлері.

Шарттың №4 қосымшасын Тараптар келісті:

Банктің атынан: _____/	Төлемдер агрегаторының атынан: _____/
М.О./ М.П.	М.О./ М.П.

*** Коммерсанттың нақты сауда орнының бар екендігі туралы ақпарат, толық деректерімен (бар болса)	* Сатылатын тауарлар/ жұмыстар/ қызметтер бойынша жоспарланған сату нарығы	Коммерсанттың IP адресі	Коммерсант чегінің ең төмен/ең жоғары сомасы	** Коммерсанттың сатылымдарының бір күнге жоспарланған көлемі	** Бір күнде жүргізілетін Карточкалық операциялардың орташа саны	Карточкалық операциялар жүргізу талаптары (рекуррентті, 3DS және т.с.с.)
19	20	21	22	23	24	25

* - әдепкілік бойынша Қазақстан Республикасы және төлемге қазақстандық карталарды қабылдау рұқсаты. Егер Төлем агрегаторы төлемге шетелдік банктердің карталарын қабылдауды жоспарласа, онда бұл бөлімде тиісті елдерді көрсетеді

** - әдепкілік бойынша бекітілген стандартты тәуліктік лимит әрекет етеді. Егер Төлем агрегаторы тәуліктік лимитті ұлғайтуды 25-бағанда көрсетілген опцияларды белсенді етуді жоспарлаған болса, ақпаратты Коммерсанттар ретінде толтырады

*** - Төлем агрегаторының тиісті ақпараты болған жағдайда және бұл ақпаратты «ForteBank» АҚ-на Коммерсанттар ретінде ұсыну мүмкіндігі болғанда ғана толтырылады

Төлемдер агрегаторы Коммерсанттар бойынша ұсынатын Карточкалық операциялар туралы толық қосымша деректер

1	Коммерсанттың ID (бірегей сәйкестендіруші)	IDSUBM кілті
2	Коммерсанттың атауы	SUBMNAME кілті
3	Коммерсанттың БСН/ЖСН	SUBMBIN кілті
4	Коммерсанттың MCC	SUBMMCC кілті
5	Карточка ұстаушысының IP	IP кілті

Шарттың №5 қосымшасын Тараптар келісті:

Банктің атынан: _____ М.О./ М.П.	Төлемдер агрегаторының атынан: _____ М.О./ М.П.
--	---

Операциялар тізілімі

Тізілім келесі форматқа ие:

Тізілім тақырыптан және негізгі мәтіннен тұрады.

Тақырып бір жолдан тұрады және Тізілім туралы келесі ақпаратты қамтиды:

* Тізілімді қалыптастыру күні -DD.MM. YYYY форматында;

* Тізілімді қалыптастыру уақыты - HH:MM:ss форматында;

* атау жазылатын өріс;

Тізілімнің негізгі бөлігі қатардан тұрады. Бір қатар - бір Операция. Тізілімнің негізгі бөлігінің әр қатарында келесі ақпарат болуы керек:

Өріс атауы	Өріс мазмұны	Өріс өлшемдігі
Терминал филиалы	Филиал атауы	Филиал атауы
Операция күн және уақыты	Операцияларды жүзеге асыру күні мен уақыты	DD.MM.YYYY 00:00:00
Құрылғы	Операция жүзеге асырылған құрылғы (терминал коды)	Банк жүйелеріндегі терминалдың нөмірі
Интернет-ресурс	Операция жүзеге асырылған Интернет-ресурс (домен)	Өтінімде көрсетілген дерекке сәйкес
Ұйымның атауы	Ұйымның заңды атауы	Ұйымның заңды атауы
Өтеу шотының нөмірі	Ұйымның шот нөмірі	Сандық және әріптік мағына
Авторизация коды	Төлем жасау мүмкіндігін растау үшін эмитент қалыптастыратын және Банк арқылы жіберілетін код	Алты цифрдан тұратын сандық мән
Карта нөмірі	Операция жасалған карта	Жасырылған карта нөмірі: 123456*****7890
Операция сомасы	Банк, сыйақыны ұстап қалғанға дейін, жүзеге асырған операцияның сомасы	Сандық мән, бүтінге және бөлшекке бөлу «,» (123,45)
Банктің сыйақысы	Банктің ұстап қалған Сыйақысы	Сандық мән, бүтінге және бөлшекке бөлу «,» (123,45)
Қабылдау сомасы	Банктің Сыйақысы ұсталғаннан кейінгі есепке алу сомасы	Сандық мән, бүтінге және бөлшекке бөлу «,» (123,45)
Операциялар валютасы	Операциялар валютасының атауы	Валютаның әріптік мәні
Барлығы	Банктің Сыйақысы ұсталғаннан кейін аударуылатын сома	Сандық мән, бүтінге және бөлшекке бөлу «,» (123,45)

Шарттың №6 қосымшасын Тараптар келісті:

Банктің атынан: _____ М.О./ М.П.	Төлемдер агрегаторының атынан: _____ М.О./ М.П.
--	---

Коммерсанттарды қосу және оларға қызмет көрсету кезіндегі Тараптардың өзара іс-қимыл РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. Төлемдер агрегаторының міндеттері:

- 1.1. ISO 8583 хаттамасына сәйкес Авторизациялық сұрау салуларды жүргізуді қамтамасыз ету;
- 1.2. Төлемдер агрегаторы Сервисінің дұрыс жұмыс істеуіне тестілеу жүргізу үшін Банкпен бірлесіп тестілік ортаны ұйымдастыру;
- 1.3. Шарт талаптарына сәйкес Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық құралдар мен байланыс арналарының жоспарлы жұмыстарын жүргізу туралы Банкке хабарлау;
- 1.4. Төлемдер агрегаторының Сервисін Банктің карточкалық жүйесіне қосуды жүзеге асырғанға дейін, Шарттың №5 қосымшасына сәйкес доменді, MCC, болжанатын айналымдарды және қызмет саласын көрсете отырып, қосылуға жататын Коммерсанттардың тізімін Банкке ұсыну.

2. Банктің міндеттері:

- 2.1. Төлемдер агрегаторымен бірлесіп, Сервистің дұрыс жұмыс істеуіне тестілеу жүргізу үшін тестілік ортаны ұйымдастыру;
- 2.2. Төлемдер агрегаторына _____ телефоны немесе _____ электрондық поштасы арқылы, Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін бағдарламалық-аппараттық құралдардың жоспарлы жұмыстарын жүргізу туралы хабарлау, осы жұмыстар басталғанға дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей, оларды жүргізу мерзімдерін көрсете отырып.
- 2.3. Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімде Төлемдер агрегаторына операциялар тізілімін жіберу.

3. Жүйені Банктің Карточкалық жүйесіне қосу

- 3.1. Банк Төлемдер агрегатордан, Регламенттің 1-қосымшасының нысаны бойынша ресімделген, Коммерсантты қосуға өтінімді алған сәттен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей, Сервисті өз жүйелерінде тіркеуді жүзеге асырады және Төлемдер агрегаторына _____ электрондық мекенжайға және _____ Банктің тіркеу процесінің аяқталуы және Төлемдер агрегаторынан авторизациялық сұрау салуларды қабылдауға дайындығы туралы ақпарат жібереді. Төлемдер агрегаторы бұрын жіберілген өтінімге өзгерістер енгізу қажет болған кезде, Банкке жаңа Коммерсантты қосуға жаңа өтінім беруге құқылы.

4. Коммерсанттың Интернет-ресурсын Сервиске қосу

- 4.1. Төлемдер агрегаторы Коммерсантпен тиісті шарт жасасқаннан кейін, Коммерсанттың Интернет-ресурсын Сервиске қосуды жүзеге асырады..
- 4.2. Интернет-ресурс Сервиске қосылған сәттен бастап Карта ұстаушыларға Коммерсанттың пайдасына Карточкалық операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігі беріледі.

5. Коммерсантқа қызмет көрсету

- 5.1. Төлемдер агрегаторы жұмыс уақытында, төлем операцияларын жасау кезінде ақпараттық-технологиялық өзара іс-қимыл мәселелері бойынша Коммерсантқа техникалық қолдауды , ecom@fortebank.com электрондық поштасы арқылы қамтамасыз етеді.
- 5.2. Төлемдер агрегаторы, Төлемдер агрегаторы мен Коммерсанттың арасында жасалған тиісті Шарттың шеңберінде қаржылық өзара есеп айырысу мәселелері бойынша Коммерсантқа қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді.

6. Коммерсантты ажырату

- 6.1. Коммерсантты ажырату (тоқтату) немесе бұғаттау (операцияларды уақытша тоқтата тұру) қажет болған кезде, Банк Төлемдер агрегаторына Сервиске Коммерсантты ажырату немесе бұғаттау туралы хатты келесі электрондық мекенжайға жолдайды:

6.2. Төлемдер агрегаторы Шарт талаптарына сәйкес, Банкке Авторизациялық сұрау салуды тоқтату жолымен Төлемдер агрегаторының Сервисінен Коммерсанттың Интернет-ресурсын ажыратуды (немесе бұғаттауды) жүзеге асырады.

**Коммерсанттарды қосу және оларға қызмет көрсету кезіндегі
тараптардың өзара іс-қимыл регламентінің
№1 қосымшасы**

Нысан

Коммерсанттың Интернет-ресурсын қосуға өтінім

Коммерсанттың атауы	
Толық заңды атауы	
Ағылшын тіліндегі қысқартылған атауы, бас әріптермен	
МСС	
Коммерсант туралы мәліметтер	
БСН/ЖСН	
Заңды мекенжайы	
Ағылшын тілінде жазылған заңды мекенжайы	
Нақты мекенжайы	
Коммерсант басшысы туралы мәліметтер	
Аты-жөні (толық)	
Байланыс телефоны	
Құжат	
Құжаттың №	
Резидент	
Берілген күні	
Байланыс деректері	
ЖСН	
Коммерсанттың интернет-ресурсының деректері	
Интернет-ресурс домені	www.
Merchant description (Төлемдер агрегаторының сауда маркасы мен атауы, мысалы: Facilitatorname*Merchantname)	
Лицензиялауға жататын Төлемдер агрегаторына қызметті жүзеге асыру құқығын беретін лицензия туралы мәліметтер	
Түрі	
Нөмірі	
Берілген күні	
Жарамдылық мерзімі	
Лицензияланатын қызметтің тізбесі	
Төлемдер агрегаторының банктік деректемелері (аудару үшін)	
Транзиттік шот нөмірі	
Банк атауы	
Банк БСК	
Банктің Сыйақысы	
Төлемдер агрегаторының байланыс деректері	
Аты-жөні, Email, IT-маманның мобильді нөмірі	
Аты-жөні, Email, бухгалтердің мобильді нөмірі	

Шарттың №7 қосымшасын Тараптар келісті:

Банктің атынан:	Төлемдер агрегаторының атынан:
-----------------	--------------------------------

_____/

М.О./ М.П.

_____/

М.О./ М.П.

Интернет-эквайрингі қызметтерін көрсету (төлемдер агрегаторы үшін) туралы
_____ жылы __ / _____ / № ____ шарт бойынша
ӨЗАРА ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАРДЫ САЛЫСТЫРУ АКТІСІ

_____ қаласы

202_ ж. « ____ » _____

Бұдан әрі «Төлемдер агрегаторы» деп аталатын _____, оның атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ бірінші тараптан және бұдан әрі «Банк» деп аталатын «**ForteBank**» АҚ, оның атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан, Интернет-эквайрингі қызметтерін көрсету (төлемдер агрегаторы үшін) туралы шарт бойынша Өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін жасады.

1	Есепті кезеңнің басталу күні, уақыты	
2	Есепті кезеңнің аяқталу күні, уақыты	
3	Есепті кезеңдегі Банк қабылдаған төлемдердің сомасы, теңге	
4	Есепті кезеңдегі Қайтару операциялары бойынша жалпы сома, теңге	
5	Есепті кезеңдегі басқа да ұстап қалулардың жалпы сомасы	
6	Есепті кезең үшін Банктің Сыйақы сомасы, теңге	
7	Есепті кезең үшін транзиттік шотқа аударылған Аударым сомасы, теңге	
8	Есепті кезеңнің соңындағы Аударым сомасы, теңге	

Орындалған есептеулер бойынша Тараптардың бір-біріне шағымы жоқ.

Осы Акт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден және бірдей заңды күші бар екі данада жасалды және оларға қол қойылды.

Шарттың №8 қосымшасын Тараптар келісті:

Банктің атынан: _____ М.О./ М.П.	Төлемдер агрегаторының атынан: _____ М.О./ М.П.
--	---